

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ  
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ПЕРДЕХАН ИСЛАМ ӘБДИМҰРАТҰЛЫ

Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл және  
себеп-факторлық кешен

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру  
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға  
диссертация

Ғылыми жетекші:  
жалпы заң пәндері  
кафедрасының профессоры,  
А.Ш. Ещанов  
заң ғылымдарының докторы,  
аға әділет кеңесшісі

---

Қосшы қ., 2025 ж.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасындағы отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғаудың теориялық және практикалық негіздерін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу барысында отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалып, аталған мәселені шешу жолында озық шетел тәжірибелері қарастырылды. Жинақталған мәліметтер негізінде аталған саланы реттейтін заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді.

## РЕЗЮМЕ

Диссертационное исследование посвящено комплексному анализу теоретических и практических основ защиты от домашнего насилия в Республике Казахстан. В ходе исследования был проведён анализ нормативно-правовых актов, регулирующих противодействие домашнему насилию, а также рассмотрен передовой зарубежный опыт в решении данной проблемы. На основе собранных данных были разработаны предложения, направленные на совершенствование законодательства в данной сфере.

## SUMMARY

The dissertation research is dedicated to a comprehensive analysis of the theoretical and practical foundations of protection against domestic violence in the Republic of Kazakhstan. During the study, the normative legal acts regulating counteraction to domestic violence were analyzed, and best international practices in addressing this issue were examined. Based on the collected data, proposals were developed to improve the legislation governing this area.

## МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
<b>1. ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
1.1. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы, түрлері және себеп-факторлық кешені.....	9
1.2. Отбасылық-тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылды құқықтық реттеу мәселелері.....	15
1.3. Шетел мемлекеттерінің тәжірибесіндегі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес тетіктері.....	24
<b>2. ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЛЫН КЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
2.1. Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі мемлекеттік және қоғамдық субъекттердің рөлі.....	36
2.2. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы алдын алу және әлеуметтік шаралар.....	44
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>56</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ .....</b>	<b>58</b>
<b>ҚОСЫМША.....</b>	<b>62</b>

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АК	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ӘҚБтК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары

## КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау – кез келген құқықтық, әлеуметтік және демократиялық мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда бұл мәселе қоғамда ерекше өзектілікке ие. Себебі, соңғы жылдары орын алған бірқатар резонансты оқиғалар мемлекет тарапынан отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықпен күрес бағытындағы алдын алу және жолын кесу шараларын қайта қарау қажеттігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік билік органдарына қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендетуге бағытталған жүйелі әрі тиімді шаралар кешенін қабылдау жөнінде нақты тапсырма берген болатын [1]. Осы тапсырма аясында қолға алынған маңызды қадамдардың бірі – құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың күшейтілуі болды. Атап айтқанда, 2024 жылғы 15 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң негізінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл тетіктері едәуір күшейтілді. Бұл ретте аталған өзгерістер мемлекеттік-құқықтық саясатының басым бағыттарының біріне екендігін көрсетті.

Алайда заңнамаға енгізілген өзгерістер отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға толық көлемде ықпал ете алмайтынын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл жағдай аталған салада қосымша құқықтық, әлеуметтік және институционалдық шаралар қабылдаудың өзектілігін айқындайды. Әсіресе, отбасылық зорлық-зомбылықтың салдарымен күресуден бұрын, оның алдын алуға бағытталған кешенді жүйені қалыптастыру қажет.

Сонымен қатар, отбасындағы қарапайым жанжалдар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықты бір-бірінен нақты ажырата білу маңызды. Бұл ретте, тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымының мәнін ашып, оның негізгі түрлерін айқындау қажет. Себебі, дәл осы түрлерінің сипаттамалық белгілері арқылы оны отбасылық қатынастарда орын алатын өзге де тұрмыстық жанжалдардан ажыратуға болады.

Ал, алдын алу тетіктерінің тиімділігін арттыру үшін, ең алдымен, осы құқық бұзушылықтың туындауына әкелетін себептер мен алғышарттарды ғылыми тұрғыдан талдап, анықтау маңызды. Бұл тұрғыда құқықтық сананың (құқықтық мәдениеттің) деңгейі ерекше рөл атқарады. Қоғам мүшелерінің құқықтық сауаттылығы мен заңға құрметпен қарауы зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді тосқауыл қалыптастырады. Сондықтан бұл мәселені шешу тек заңнамалық шаралармен шектелмей, сонымен қатар азаматтардың құқықтық

санасын арттыруға бағытталған тәрбиелік және ағартушылық жұмыстармен қатар жүруі қажет.

Жоғарыда аталған мәселелер осы тақырып аясында жан-жақты ғылыми зерттеу жүргізудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, оған қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктерін жетілдіру және құқықтық сананы арттыру бағытында нақты ұсыныстар әзірлеуге негіз бола алады. Сонымен қатар, бұл мәселелердің талдануы зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық тұрғыдан өзектілігін дәлелдей.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Қазіргі уақытта отбасылық-тұрмыстық салада орын алып жатқан құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тиімді құқықтық және әлеуметтік тетіктердің жеткіліксіздігі байқалуда. Болжамды осы саладағы құқық бұзушылықтар санының артуы, олардың қайталануы, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіру жағдайлары айқын көрсетеді.

Бұл мәселе кешенді әрі нақты ғылыми талдауды талап етеді. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы тиімді әрі бірізді қолдану үшін құқықтық реттеудің жалпы қағидаттарына сүйене отырып, құқық бұзушылықтың бастапқы белгілеріне дер кезінде назар аударып, алдын алу шараларын қолдану қажет. Тәжірибеде көбінесе ескерілмей қалған елеусіз көрінетін жайлар кейіннен адам өмірі мен бостандығына қарсы ауыр не аса ауыр құқық бұзушылықтарға алып келуі мүмкін. Демек, алғашқы белгілерді анықтап, уақтылы әрекет ету — қылмыстың алдын алудың маңызды шарты.

Сонымен қатар, бұл мәселені тек құқық бұзушыны жауапқа тарту арқылы шешу жеткіліксіз. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте кешенді әрі жүйелі тәсілді қолдану қажет. Бұл бағытта құқық қорғау органдары, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру ұйымдары мен жергілікті атқарушы билік органдарының ведомствоаралық өзара іс-қимылы ерекше мәнге ие. Әрбір орган өз құзыретіне сәйкес әрекет етіп, үйлестірілген түрде жұмыс жүргізу арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алып қана қоймай, оның себептері мен салдарларын да жоюға ұмтылуы тиіс.

Осы орайда, отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтарға қатысты заңнамалық нормалар мен оларды қолдану тәжірибесін зерттеп, құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу қажет.

Сонымен бірге, мұндай құқық бұзушылық жасаған тұлғалар үшін отбасылық психологтың арнайы курсынан өту міндетін енгізу — құқық бұзушылықтардың қайталануын азайтып, ауыр зардаптардың алдын алуға ықпал ететін маңызды құрал болуы мүмкін. Мұндай шаралар да ведомствоаралық өзара іс-қимыл негізінде жүйелі түрде іске асырылуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғауды реттейтін теориялық негіздер мен нормативтік құқықтық

актілерді зерделеу, отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық зомбылыққа қарсы іс-қимыл практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің мақсатына қол жеткізу келесі міндеттерді қою мен шешуді талап етеді:

- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін және оның түрлерін анықтау;
- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туындау себептеріне талдау жүргізу;
- Аталған құқық бұзушылықтан қорғауды реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге талдау жасау;
- Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігіне талдау жүргізу;
- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің объектісі. Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің тақырыбы. Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғаудың құқықтық негіздері мен тәртібін айқындайтын профилактика заңы, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік нормалары, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің тәжірибесі.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеу үдерісінде танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері пайдаланылды, соның ішінде: салыстырмалы-құқықтық зерттеу, логикалық және статистикалық талдау тәсілдері.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Аталған зерттеу тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы заманауи талаптарды ескере отырып, құқықтық сана мен қоғамдық көзқарастардың, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың рөлін бағалауға бағытталған. Зерттеу барысында аталған факторлардың әсерін ескере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның салдарларын жоюға арналған жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндіктері жан-жақты әрі кешенді түрде талданады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымына автордың анықтамасы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) экономикалық зардап және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)»

2. Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алу аясында Германия, Франция, АҚШ мемлекеттерінің озық тәжірибесін назарға алып, еліміздің аталған құқық бұзушылықтармен күрес тәжірибесінде қолданыстағы қылмыстық заңнамаға келесідей толықтыру енгізуді ұсынамыз.

ҚР ҚК «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу» 98-3-бабы 1-бөлігін 4-тармағымен толықтыру ұсынылады:

«Осы кодекстің Ерекше бөлігінде көрсетілген отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша отбасылық психолог курсына бару міндеттемесі».

Аталған толықтыру отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтарының қайталануының алдын алуға және өзге де ауыр зардаптардың болдырмауына мүмкіндік береді.

3. Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтармен күрес және тәуекелге бейім отбасыларда қауіп деңгейін анықтау мақсатында «Қауіпсіз Отбасы» электронды база енгізу.

Аталған электрондық жүйе отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтарының алдын алуға және тәуекелге бейім отбасыларды қадағалауда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ІІМ ТД Анықтау басқармасының жұмысын ұйымдастыру қызметінің практикалық жұмысына енгізілді.

1. Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылдың теориялық және құқықтық негіздері

1.1. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы, түрлері және себеп-факторлық кешені

«Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы» [2].

Яғни, отбасының әрбір мүшесі өз кезегінде осы шағын әлеуметтік құрылымның бір бөлшегі болып табылады, ал отбасындағы тұрақтылық қоғамдағы тұрақтылыққа тікелей ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, отбасыны мемлекеттің ішкі құрылымының іргетасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі, мемлекет аумағындағы барлық қоғамдық қатынастар тиісті құқықтық нормалармен реттеледі. Осыған байланысты мемлекет өз аумағындағы отбасы институтын конституциялық негізде реттеуі қажет.

Осы ретте отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар қоғам үшін аса маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аталған құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған отандық кешенді шаралар қазіргі заман талаптарына сай келуі үшін жаңғыртуды және тиімді оңтайландыруды қажет етеді. Өз кезегінде, бұл шаралардың жеткіліксіздігін соңғы уақытта қоғамда резонанс тудырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиілеуі айқын көрсетеді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)» [3].

Сәйкесінше заң нормасынан келесіні түсінуге болады, яғни аталған құқық бұзушылық дене зардабын және (немесе) психикалық зардапты қарастырады.

Дегенмен аталған заңның 4-бабына сәйкес, «тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

1. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауырттып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

2. Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және

жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

3. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстың тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

4. Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру» [3].

Алайда, заң нормасында тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы өз аталған белгілерді толық қамтымайды. Оның ішінде, экономикалық зорлық-зомбылық бөлігінің тыс қалғанын байқауға болады.

И. Д. Бадамшинің пікірінше «отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл, әдетте, отбасы мүшелерінің бірінің екіншісіне немесе басқа мүшелеріне қатысты бірнеше рет күш көрсетуі, күш қолдануға қоқан-лоққы жасауы, сондай-ақ бір отбасы мүшесінің екіншісіне немесе басқаларына психологиялық қысым көрсету фактілері. Мұндай зорлық-зомбылық олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеумен, таңдау еркіндігін мейлінше тарылтумен, яғни күнделікті отбасылық-тұрмыстық (бірақ өндірістік емес) қатынастар барысында туындайтын себептермен байланысты болып келеді» [4, 70 б.].

Аталған пікір орынды, дегенмен ұғымның анықтамасында негізгі белгі ретінде бірнеше рет жасалуы көрсетілген. Біздің ойымызша, бұл құқық бұзушылық жүйелі сипатта болмаған күннің өзінде де танылуы қажет. Осы негізде, аталған пікір бұл ұғымды толық ашпайды.

Б.А. Кудаярованың көзқарасында «отбасындағы зорлық-зомбылық – бұл жақын туысқа (оның ішінде туған емес аға-іні, апа-сіңліге) және (немесе) жақын тұлғаға қатысты физикалық, психикалық немесе сексуалдық мәжбүрлеу түрінде жасалатын құқыққа қайшы іс-әрекет» [5, 45 б.].

Алайда бұл көзқарас отбасыдағы зорлық-зомбылықтың субъектілік құрамын тар сипатта қарайды, яғни отбасы мүшелерінің өзге қатысушыларын назардан тыс қалдырады. Осыған байланысты, берілген анықтама отбасындағы зорлық-зомбылық ұғымын толық сипаттай алмайды деп есептейміз.

В.Пучнинің пікірінде «отбасындағы зорлық-зомбылық – бұл бір отбасы мүшесінің екінші отбасы мүшесіне қатысты физикалық, психикалық немесе сексуалдық мәжбүрлеу нысанында жасайтын, қоғамға қауіпті және қылмыстық заңда тыйым салынған, жаза қолдану қаупі көзделген кінәлі әрекет ретінде қарастырылады» [6].

М.Н. Ахмедовтың және А.Е. Муравьеваның пікірлерінше «отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық — бұл отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға олардың еркіне қарсы немесе қасақана жасалатын, дене, психологиялық немесе моральдық зиян келтіруге бағытталған құқыққа қайшы әрекеттер» [7, 9 б.].

Н.Ю Волосованың пікірінше «отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық деп жәбірленушіні қорлайтын материалдық, сексуалдық, физикалық, эмоционалдық және басқа да жағымсыз жағдайларға душар ететін, жәбірленушіге дене күші арқылы немесе өзге де тәсілдермен ықпал ететін, адам қадір-қасиетін қорлайтын, құқыққа қайшы мінез-құлық» [8, 94 б.].

Ал, Б.А. Кудаярованың көзқарасында «отбасындағы зорлық-зомбылық — бұл қылмыстық заңда жазаға тартумен тыйым салынған, бір отбасы мүшесінің екінші мүшесіне қатысты физикалық, психологиялық немесе экономикалық мәжбүрлеу түрінде жасалатын қауіпті әрекеті, не сол әрекетті жасау қауіпін тудыру» [5, 47 б.].

Аталған пікірлер біздің ойымызша ұғымның толық белгілерін қамти алған. Жинақталған пікірлер негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) экономикалық зардап және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қауіпі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) - деп санаймыз.

Одан бөлек, зорлық-зомбылық түрлеріне қатысты ғалымдардың пікірлері біркелкі. Олар: 1. Күш көрсету; 2. Психологиялық; 3. Сексуалдық; 4 Экономикалық зорлық-зомбылықтар.

Сонымен қатар, қандай да бір іс-әрекеттің салдарымен күресуден бұрын, оның туындау себептеріне назар аудару маңызды. Өйткені салдарды жою арқылы біз мұндай әрекеттердің алдын алу мүмкіндігін арттырамыз.

Зорлық-зомбылықтың себептері мен жағдайлары жеке, отбасылық немесе тұрмыстық мүдделер қақтығысынан туындайтын қайшылықтардың салдарынан болып табылады

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туындауына әсер ететін негізгі себептер мен жағдайлардың бірі болып И. Д. Бадамшинің пікірінше «қақтығыс – белгілі бір отбасылық-тұрмыстық қатынастармен байланысты адамдардың жеке мүдделері, түрткілері, ұмтылыстары мен көзқарастарының саналы түрде қарсы келуі» [4].

Зорлық-зомбылықтың туындауына әсер ететін себептер көпқырлы және бір ғана факторға байланысты емес. Төменде отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа алып келуі мүмкін қосымша себептер келтірілген:

### 1. Психологиялық факторлар.

Психологиялық тұрақсыздық зорлық-зомбылықтың басты себептерінің бірі болып табылады. Ашушандық, агрессияны басқарудағы қиындық, эмоциялық реакцияларға бақылау жасай алмау зорлық жасауға итермелеуі мүмкін. Көп жағдайда зорлық көрсетушінің өзі де бала кезінде психологиялық немесе физикалық зорлыққа ұшыраған болып шығады. Бұл — «Зорлық-зомбылықтың қайталану моделі» деп аталады.

Мысалы, бала кезінде әкесінің анасына қол көтергенін көрген ұл бала өскенде осы мінез-құлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдап, болашақта өзі де сол әрекет етуі қайталауы мүмкін.

### 2. Әлеуметтік-экономикалық факторлар.

Отбасындағы экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық, табыстың төмендігі зорлық-зомбылықтың туындауына тікелей әсер етеді. Материалдық қиындықтар отбасында күйзелісті арттырады, ал бұл өз кезегінде жүйке жүйесіне әсер етіп, агрессияға ұласады.

Сондай-ақ, отбасындағы табыс табушы адам өзін үстем сезініп, қалған мүшелеріне билік жүргізуге ұмтылады. Бұл теңсіздік өзара құрмет пен түсіністіктің жоғалуына алып келеді.

### 3. Мәдени, дәстүрлі және діни көзқарастар.

Кейбір мәдениеттерде әйел еркектен төмен тұруы тиіс деген түсінік қалыптасқан. Мұндай патриархалды көзқарастар отбасы ішіндегі теңсіздікті заңдастырып, зорлық-зомбылықты ақтап алуға себеп болады. Жабьқ қауымдастықтарда «отбасы – ішкі іс, оған ешкім араласпауы керек» деген түсінік те жәбірленушінің көмекке жүгінуіне кедергі келтіреді.

Мысалы, әйелге «күйеуінің қол көтеруі – тәрбиенің бір түрі» деген секілді қалыптасқан теріс стереотиптер зорлықтың сақталып қалуына ықпал етеді.

Кейбір жағдайларда діни наным-сенімдер немесе діни дәстүрлер зорлық-зомбылыққа төзімділік танытуға немесе оған жол беруге себеп болуы мүмкін. Бұл келесідей түрде көрініс табады:

- Дәстүрлі діни көзқарас бойынша ер адам — отбасының басшысы, ал әйел адам — оған бағынуға тиіс деген ұғымдар кейде ер адамның үстемдігін ақтауға негіз болады;

- Кейбір әйелдер діни сенімдерге сәйкес отбасындағы қиыншылықтар мен зорлық-зомбылықты «тағдыр» немесе «сынақ» ретінде қабылдап, көмек сұраудан бас тартуы мүмкін;

- Діни қауымдастықтар кейде отбасы бүтін болсын деп, жәбірленушіні сабырға шақырып, татуласуға итермелеуі мүмкін. Бұл зорлықтың жалғасуына жол береді;

- Сонымен қатар, кей діни лидерлердің пікірлері немесе уағыздары зорлық-зомбылықты ашық қолдамаса да, оны жанама түрде қолдауы мүмкін.

#### 4. Білім деңгейінің төмендігі.

Төмен білім деңгейі – дау-дамайды бейбіт жолмен шешу дағдысының болмауына алып келеді. Адам өз ойын сөзбен жеткізудің орнына, күш көрсетуге бейім болуы мүмкін. Сондай-ақ, құқықтық сауаттың төмендігі жәбірленушінің өз құқығын қорғауына да кедергі болады.

Білім беру мекемелерінде зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілмесе, жастар отбасы құндылықтарын терең түсінбей өсуі ықтимал.

#### 5. Құқықтық жүйе әсері.

Кейбір жағдайларда зорлық-зомбылық көрсеткен адам жауапқа тартылмайды, не болмаса оған өте жеңіл жаза беріледі. Бұл жағдай агрессордың өз әрекетін қайталауына себеп болады. Жәбірленуші де құқық қорғау органдарына сенім артпай, үнсіз қалуға мәжбүр болады.

Сондай-ақ, зорлық-зомбылықты тіркейтін нақты механизмдердің, дағдарыс орталықтарының және жедел көмек жүйесінің жетіспеуі де бұл мәселені ушықтырады.

Дегенмен кей жағдайларда қолданылатын жазаның тым ауыр болуы (мысалы, отбасының негізгі асыраушысын қамауға алу немесе ірі көлемде айыппұл салу) отбасының экономикалық жағдайына кері әсер етуі мүмкін.

Мұндай жағдайда бірнеше жанама салдар туындайды:

- Егер жауаптылыққа тартылған тұлға отбасының жалғыз немесе негізгі табыс көзі болса, оның қамауға алынуы отбасы мүшелерінің күнкөрісіне қауіп төндіреді;

- Айыппұл түріндегі жаза да отбасылық бюджетті едәуір қысқартады, бұл әсіресе кәметке толмаған балалары бар отбасылар үшін ауыр зардаптар әкелуі мүмкін;

- Мұндай жағдайлар жәбірленушінің құқық қорғау органдарына жүгінуден бас тартуына әкелуі мүмкін, себебі ол қылмыскер болса да, отбасының асыраушысы екенін ескеріп, отбасын қиын жағдайға қалдырғысы келмейді.

#### 6. Ақпарат құралдарының және интернеттің ықпалы.

Кино, сериалдар, ойындар мен әлеуметтік желілер арқылы зорлық-зомбылықты насихаттау немесе қалыпты жағдай ретінде көрсету жастардың санасына теріс әсер етуі мүмкін. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер үшін бұл қауіпті, себебі олар көргенін үлгі ретінде қабылдайды.

Мысалы, интернеттегі «қатыгез еркек – нағыз ер» деген мазмұндағы видеолар немесе мемдер отбасылық зорлықты ақтауға себеп болады.

### 7. Қаржылық тәуелділік.

Материалдық тұрғыдан жұбайына немесе ата-енесіне тәуелді адамдар, әсіресе әйелдер, зорлыққа ұшыраған күннің өзінде отбасыдан кете алмайды. Себебі, олар өз өмірін қаржылық жағынан қамтамасыз ете алмайтынына сенеді немесе қорқады. Бұл тәуелділік агрессорға билік береді.

### 8. Алкогольге және есірткіге тәуелділік.

Алкоголь мен есірткіге тәуелділік – отбасындағы зорлық-зомбылықтың ең жиі кездесетін себептерінің бірі. Бұл заттар адамның санасын улап, оның өз әрекетіне бақылау жасау қабілетін төмендетеді. Мас күйде адам агрессияны ашық білдіреді, дау-дамайды бейбіт жолмен шешудің орнына күш қолдануға бейім болады.

Көптеген жағдайларда, отбасылық зорлық-зомбылық оқиғаларының едәуір бөлігі агрессордың алкоголь немесе есірткі әсерінде болған сәттерде орын алады. Мұндай тәуелділіктегі адамдар өзін де, отбасын да қауіпке тігеді.

Сонымен қатар, бұл тәуелділік көбінесе отбасылық бюджеттің жетіспеушілігіне әкеледі, ал бұл тағы да отбасындағы жанжалдар мен зорлық-зомбылыққа себеп болады.

### 9. Құмар ойындарға тәуелділік.

Құмар ойындарға әуестік — отбасылық қаржылық жағдайды әлсіретіп, сенім мен тұрақтылықты бұзатын тағы бір маңызды фактор. Мұндай тәуелділіктің салдарынан отбасы мүшелері тұрақсыз өмір сүреді, берешекке батады, және бұл жағдай жанжал мен зорлық-зомбылықтың артуына алып келеді.

Құмар ойынға тәуелді адам ашушаң, отбасына немқұрайлы қарайтын болып келеді. Егер жұбайы немесе отбасы мүшелері оған қарсылық білдірсе, ол күш қолдану арқылы жағдайды «шешуге» тырысуы мүмкін.

Сонымен қатар, құмар ойыншыларда да өз әрекетіне бақылау жасау қабілеті төмендейді, әсіресе ұтылып қалған сәттерде олар өз ашуын жақындарына төгеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымына, оның түрлеріне және салдарларына талдау жасалды. Жинақталған ғылыми пікірлер негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың нақты анықтамасы ұсынылды. Ол – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (немесе басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) экономикалық және (немесе) психикалық зардап келтіретін не келтіру қаупі бар, құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) ретінде қарастырылуы тиіс.

Зерттеу барысында зорлық-зомбылықтың негізгі түрлері жіктелді. Атап айтқанда: 1) күш көрсету зорлық-зомбылығы; 2) психологиялық зорлық-

зомбылық; 3) сексуалдық зорлық-зомбылық; 4) экономикалық зорлық-зомбылық.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың орын алуына әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Олар:

1. Психологиялық факторлар;
2. Әлеуметтік-экономикалық факторлар;
3. Мәдени, дәстүрлі және діни көзқараста;
4. Құмар ойындарға тәуелділік;
5. Білім деңгейінің төмендігі;
6. Құқықтық жүйе әсері;
7. Ақпарат құралдарының және интернеттің ықпалы;
8. Қаржылық тәуелділік;
9. Алкогольге және есірткіге тәуелділік;
10. Құмар ойындарға тәуелділік.

Аталған факторлар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған қарсы күресте негізгі назарда болуы тиіс. Сондықтан бұл құбылысты тек құқықтық шаралармен шектемей, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, мәдени және ақпараттық тетіктерді қолдану арқылы кешенді түрде шешу қажет.

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте тек оның салдарымен ғана емес, себептерін жою маңызды.

## 1.2 Отбасылық-тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылды құқықтық реттеу мәселелері

Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл – мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Аталған саладағы құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы және Қылмыстық кодексі осы бағыттағы құқықтық негізді құрайды.

Аталған заңнамалық актілерде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың жолын кесу және мұндай әрекеттер үшін құқықтық жауапкершілік шараларын белгілеу көзделген. Бұл заңдар отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеуге, жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ құқық бұзушыларға ықпал ету шараларын қолдануға бағытталған.

Бүгінгі таңда бұл мәселе қоғамда ерекше өзектілікке ие. Себебі, соңғы жылдары орын алған бірқатар резонансты оқиғалар мемлекет тарапынан отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықпен күрес бағытындағы алдын алу және жолын кесу шараларын қайта қарау қажеттігін көрсетті.

2024 жылғы 15 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң негізінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл тетіктері едәуір күшейтілді. Бұл ретте аталған өзгерістер мемлекеттік-құқықтық саясатының басым бағыттарының біріне екендігін көрсетті.

«Құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені» [3].

Құқық бұзушылық профилактикасында өзіндік ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдары мен азаматтары жүзеге асырады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы — тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені» [9].

Аталған заң нормаларына сәйкес, құқық бұзушылықтардың алдын алуда уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі айрықша маңызға ие. Дегенмен, қылмыспен күрес тиімді болуы үшін бұл салада тек бір ғана органның емес, барлық мүдделі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара үйлесімді әрі бірлескен жұмысы қажет. Өз кезегінде, профилактика жүргізуге уәкілетті органдар құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды іске асыруы тиіс болса, құқық қорғау органдары мен сот жүйесі құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қатысты заңда белгіленген жауаптылық шараларын шешуі қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы белгілі бір қағидаттарға (принциптерге) негізделеді. Бұл қағидаттар осы саладағы алдын алу және жолын кесу шараларының тиімділігі мен заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Олар: 1) заңдылық; 2) адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері сақталуына кепілдік беру; 3) адамның және азаматтың дене зардабын және (немесе) психикалық зардап шегуіне жол бермеу; 4) отбасын

қолдау және сақтау; 5) құпиялылық; 6) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж әрбір адаммен және азаматпен жеке жұмыс жүргізу; 7) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы; 8) кешенділік және жүйелілік принциптеріне негізделеді. Аталған принциптерге жеке тоқталып өтсек:

1) Заңдылық.

Барлық профилактикалық шаралар мен әрекеттер қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестікпен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл қағида мемлекеттік органдардың, құқық қорғау құрылымдарының, сондай-ақ әлеуметтік қызметтердің заң шеңберінде әрекет етуін және азаматтардың заңсыз араласудан қорғалуын қамтамасыз етеді.

2) Адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері сақталуына кепілдік беру.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу барысында адам құқықтары мен бостандықтары толық көлемде сақталуы қажет. Бұл әсіресе жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың еркіндігі мен қадір-қасиетін құрметтеу тұрғысынан маңызды.

3) Адамның және азаматтың дене зардабын және (немесе) психикалық зардап шегуіне жол бермеу.

Профилактикалық іс-шаралардың негізгі мақсаты – азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Бұл ретте зорлықтың кез келген түрінің (физикалық, психологиялық және т.б.) алдын алу және болдырмау басымдыққа ие.

4) Отбасын қолдау және сақтау.

Мемлекет отбасылық құндылықтарды қорғауға бағытталған саясатты жүзеге асырады. Отбасын сақтап қалу және оның ішінде зорлық-зомбылықтың туындауына жол бермеу – профилактиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

5) Құпиялылық.

Жәбірленушілермен және отбасылармен жұмыс жүргізу барысында олардың жеке өмірі мен құпия ақпаратының сақталуына ерекше мән беріледі. Бұл сенімді қарым-қатынас орнатуға және жәбірленушінің құқықтарының бұзылмауына негіз болады.

6) Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж әрбір адаммен және азаматпен жеке жұмыс жүргізу.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған немесе оған бейім тұлғалармен жеке тәсіл негізінде жұмыс жүргізу қажет. Арнаулы әлеуметтік қызметтер психологиялық көмек, уақытша баспана, құқықтық кеңес беру секілді бағыттарды қамтиды.

7) Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы.

Мемлекеттік саясаттың басты бағыты – отбасылық жанжал мен зорлықты болдырмау. Сондықтан, алдын алу және ескерту шаралары жаза қолданудан

бұрын жүргізілуі тиіс. Бұл тәсіл қылмыстың орын алуына жол бермеуге көмектеседі.

#### 8) Кешенділік және жүйелілік.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бір ғана органның немесе саланың міндеті емес. Ол құқық қорғау, әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау секілді көптеген құрылымдардың үйлесімді, жүйелі және өзара байланысты жұмысын талап етеді.

Қолданыстағы құқықтық механизм қайта құқық бұзушылықтардың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерді қорғау мақсатында кең ауқымды шараларды қарастырады.

Біріншіден, жеке профилактикалық шаралар құқық бұзушының тұлғасына оның психоәлеуметтік ерекшеліктері, жасалған құқық бұзушылықтар тарихы және қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескере отырып бағытталған әсер ету қағидатына негізделген. Мұндай дифференциация алдын алу үшін тиімді әдістерді таңдауға мүмкіндік береді — профилактикалық әңгімеден бастап әкімшілік немесе қылмыстық ұстауға және медициналық шараларды қолдануға дейін. Бұл маңызды шаралардың бірі, себебі тұрмыстық зорлық-зомбылық жиі психологиялық проблемалар, стресс немесе есірткіге тәуелділік сияқты факторлардан туындайды, және тек кешенді тәсіл ғана құқық бұзушының мінез-құлқын өзгерте алады.

Екіншіден, көзделген шаралар кешені әкімшілік, құқықтық және әлеуметтік құралдардың жүйелі интеграциясын көрсетеді. Мысалы, қорғаныш бұйрықтар немесе ата-аналық құқықтарды шектеу шаралары зардап шеккендердің мүдделерін тікелей қорғай отырып, олардың зорлық-зомбылыққа қайта тап болу қаупін азайтады. Сонымен қатар, мәжбүрлік медициналық шаралар мен құқық бұзушының мінез-құлпатына қойылатын арнайы талаптар агрессорды түзетуге және қайта әлеуметтік бейімдеуге бағытталған, бұл құқық бұзушылықтардың қайталану ықтималдығын төмендетеді.

Үшінші аспект — мемлекеттік органдар мен мамандандырылған ұйымдардың тұрмыстық зорлық-зомбылықты профилактикалаудағы рөлі. Заңнамада уәкілетті құрылымдардың уақытылы қауіп-қатерлерді және зорлық-зомбылық фактілерін анықтау, сондай-ақ өзара іс-қимылды үйлестіру міндеті бекітілген. Мұндай үйлестіру зардап шеккендерге психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету арқылы кешенді қолдау қамтамасыз етуге, сондай-ақ потенциалды құқық бұзушыларға алдын алу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, профилактикалық шараларды қолдану туралы шешімдерді шағымдану құқығын белгілеу заңдылық, ашықтық және адам құқықтарын қорғау қағидаларын сақтау үшін маңызды.

Бұл шаралардың тиімділігі құқық қорғау органдары, психологтар, әлеуметтік қызметкерлердің кәсібилігіне және олардың өзара әрекеттесуіне тікелей байланысты. Алдағы уақытта мамандардың біліктілігін арттыру,

ведомстволар аралық ынтымақтастықты дамыту және қоғамдық ұйымдарды белсенді тарту тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейін едәуір төмендетіп, қоғамдағы өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер бөлігіне тоқталсақ.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу шаралары нақты және заңды негіздерге сүйенуі тиіс. Бұл заңды немесе жеке тұлғалардан түскен өтініштер, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен құқық қорғау қызметкерлерінің анықтаулары арқылы жүзеге асады. Бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларда жарияланған фактілер де профилактикалық шаралардың басталуына себеп болуы мүмкін.

Мемлекеттік органдар осы өтініштер мен хабарламаларды заң аясында зерттеп, тиісті шаралар қабылдауға міндетті. Бұл тәртіп зорлық-зомбылықтың алдын алу мен зардаптарын төмендетуде маңызды рөл атқарады. Осындай жүйелі және жан-жақты тәсіл тұрмыстық зорлық-зомбылықты ертерек анықтап, оны тоқтатуға мүмкіндік береді.

Осылайша, заңнамалық негізделген және нақты анықталған ақпараттар негізінде ғана жеке профилактика шаралары қолданылып, нәтижелі күрес жүргізіледі. Бұл — тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюдағы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының жауапкершілігін арттырады және қорғаныс механизмдерін күшейтеді.

Енді жауаптылық мәселесіне тоқталатын болса, аталған құқық бұзушылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтары қарастырылған.

Әкімшілік жауаптылық – бұл заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті орган немесе лауазымды тұлға тарапынан құқық бұзушыға қатысты әкімшілік жаза қолдану арқылы жүзеге асырылатын құқықтық жауапкершілік түрі болып табылады.

ӘҚБТК-нің 73-бабына сәйкес, «Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, тұрғын үйде жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – ескерту жасауға не бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» [10].

2024 жылғы сәуір айында әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Бұл заң аясында денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жатқызылды. Сонымен қатар, орташа және ауыр дәрежеде зиян келтіру үшін жауапкершілік күшейтілді.

Сондай-ақ, 16 жасқа толмаған тұлғаларға қатысты жыныстық сипаттағы қол сұғушылық, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу мен оған жәрдемдесу, сондай-ақ суицидті насихаттау үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Бұдан бөлек, отбасылық-тұрмыстық салада жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарастырғанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі 26 бапқа ерекше назар аудару қажет. Олардың қатарына мыналар жатады:

«Адам өлтіру (99-бап), Жаңа туған баласын анасының өлтіруі (100-бап), Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру (101-бап), Қажетті қорғаныс шегінен асып кеткен жағдайда адам өлтіру (102-бап), Абайсызда қазаға ұшырату (104-бап), Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу, өзін-өзі өлтіруге көндіру немесе өзін-өзі өлтіруге ықпал ету (105-бап), Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106-бап), Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (107-бап), Қинау (110-бап), Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру (111-бап), Қажетті қорғаныс шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (112-бап), Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (114-бап), Қорқыту (115-бап), Қауіпті жағдайда қалдыру (119-бап), Зорлау (120-бап), Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-бап), Көрінеу он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасау, сол сияқты көрінеу кәмелетке толмаған адам көрсететін жезөкшелік қызметті, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметті алу (122-бап), Он алты жасқа толмаған адамдарды азғындық жолға түсіру (124-бап), Адам ұрлау (125-бап), Бас бостандығынан заңсыз айыру (126-бап), Қорлау (131-бап), Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару (139-бап), Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (140-бап), Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу (147-бап), ұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу (149-бап), Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (202-бап)» [11].

Соңғы жылдары Қазақстанды қоса алғанда көптеген мемлекеттер тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған маңызды заңнамалық қадамдарға барды. Бұл үрдіс ілгерілеу ретінде және ең алдымен әйелдер мен балаларды отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғаудың қажетті құралы ретінде қабылданады. Алайда мұндай өзгерістердің оң әсері айқын болғанымен, жаза қаталдығының өзі күтілген нәтижеге –

өтініштердің артуына және жағдайдың жақсаруына – әрқашан алып келмейтінін де ескермеуге болмайды. Тіпті, қылмыстық қудалауды күшейту керісінше нәтиже беріп, құқық қорғау органдарына ресми жүгінулердің азаюына себеп болуы мүмкін.

Бұл құбылыстың себебі – тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің психологиялық және әлеуметтік жағдайының күрделі болуында. Зорлыққа ұшыраған әйел бүгінгі таңда полицияға немесе басқа органдарға шағымдану туралы шешім қабылдағанда, бұрынғыдан әлдеқайда көп тәуекелдер мен салдарларды түсінеді. Бұрын ол бұл істің әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қарастырылатынына немесе жаза жеңіл болатынына үміттенсе алса, енді заңнаманың қатандатылуына байланысты шағымдану қылмыстық іс қозғалуына, тіпті күйеуінің, балаларының әкесінің – көбіне отбасының жалғыз асыраушысының – бас бостандығынан айырылуына әкелуі мүмкін екенін біледі.

Мұндай жағдай моральдық әрі эмоциялық тұрғыдан қиын қақтығыс тудырады: бір жағынан, өзінді және жақындарынды зорлық-зомбылықтан қорғау тілегі болса, екінші жағынан – отбасының күйреуінен, материалдық қамтамасыз етуден айырылудан және әлеуметтік тұрақсыздықтан қорқу. Әйелдер көбіне күйеуіне экономикалық тұрғыда тәуелді болатын, ал зардап шеккендерге арналған әлеуметтік қолдау институттары жеткілікті дамымаған қоғамда бұл фактор көмек сұраудан бас тартуға шешуші әсер етуі мүмкін. Осылайша, жәбірленушілерді қорғауға бағытталған жауапкершілікті күшейту іс жүзінде кейбір әйелдердің үнсіз қалуына, зорлық-зомбылық фактілерін жасыруына, отбасының тұтастығын сақтау үшін және барлық мүшелер үшін ауыр салдарларды болдырмау мақсатында шағымданбауына алып келуі мүмкін.

Бұл құбылыс статистикалық деректерде де көрініс табады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тіркелген жағдайларының азаюы кейде зорлық деңгейінің төмендеуі немесе қабылданып жатқан шаралардың тиімділігінің көрсеткіші ретінде оң динамика деп бағалануы мүмкін. Алайда бұл сандардың артында жәбірленушілердің үнсіздігі мен қорқынышы жатқан, онша көзге көріне бермейтін басқа шындық тұр. Мұндай құбылысты жиі «медальдің екінші жағы» деп атайды – оны ресми есептер мен статистикадан көру қиын. Мұнда деректерді дұрыс түсінбеу қаупі туындайды: өтініштердің азаюы прогресс ретінде қабылданғанымен, шын мәнінде мәселе шешілмей қалуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда тіпті ушығуы да ықтимал.

Құқық социологиясы тұрғысынан алғанда, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес контекстіндегі ең алаңдатарлық әрі аз зерттелген тақырыптардың бірі – шартты түрде «каталдық парадоксы» деп аталатын құбылыс. Оның мәні мынада: санкциялар неғұрлым қатаң болса, жәбірленушінің көмек сұрамау ықтималдығы соғұрлым жоғары. Бұл құқықтық оптимистің көзқарасынан парадокс болып көрінуі мүмкін, бірақ социологиялық талдау тұрғысынан бұл – қисынды жағдай: егер жәбірленушіде қолдау мен қорғану

құралдары болмаса, оның кез келген жүгінуі – заңдық, әлеуметтік және жеке деңгейде – күйрететін салдарға алып келеді.

Қазақстанның тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық сипатқа ие ету туралы заң қабылдауы – сөзсіз маңызды қадам. Бұл мемлекеттің ең осал азаматтарын қорғауға және отбасындағы зорлыққа төзбеушілікті көрсетуге деген саяси еркін білдіреді. Алайда мұндай заңнамалық қатайту контекстен тыс қарастырылмауы тиіс. Ол тек құқықтық қаталдық тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік призмадан – яғни бұл қадамның жәбірленушінің өміріне, айналасындағы адамдарға және жалпы өмірлік жағдайына әкелетін салдарлары тұрғысынан да бағалануы қажет.

Сол себепті бұл жерде қылмыстық құқық аясынан тыс жатқан социологиялық дилемма туындайды. Өйткені әйел іс жүзінде өзге адамның жасаған қылмысының салдары үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға мәжбүр. Ол өз отбасын қылмыстық қудалаудың салдарынан аман алып қала ала ма, балалар өзімен бірге қала ма, туыстары мен көршілері оны сөге ме, табыс көзінен айырылып қалса не болады – осының бәрін алдын ала бағалауы керек.

Бұл жағдайды мәдени көзқарастар да ушықтыра түседі. Қоғамда қосарлы стандарттар әлі де күшті: зорлық ресми түрде айыпталса да, тұрмыстық зорлық күнделікті өмірде төзімділікпен қабылданады. «Отбасылық нәрсені сыртқа шығарма», «өзі кінәлі», «ерлі-зайыптылар өздері шешеді», «үй ішіндегі тірлік – сыртқа айтылмайды» деген сияқты сөздер жиі айтылады. Бұл құқықтық қорғау мен әлеуметтік қысымның арасында қақтығыс туғызатын жағдай қалыптастырады, әрі көп жағдайда осы қысым басым түседі. Әйел тұйық шеңберге тап болады: егер шағымданса – отбасын бұзады, үнсіз қалса – жәбір көреді. Ал мүмкін, оның балалары да зардап шегеді.

Осыдан шығатыны – қолдау жүйесі жоқ жағдайда қатал заң мәселені шешпейді, керісінше оны тереңдете түсуі мүмкін. Егер қорғану ордері, уақытша паналау орны, заңгерлік және психологиялық көмек, зардап шеккендерге экономикалық қолдау көрсетілмесе, мұндай заң тек қана агрессорды емес, жәбірленушінің өзін де үрейлендіретін құралға айналады. Мұндай жағдайда жауапкершілікті күшейту әділеттілікке қарсы жұмыс істей бастайды – бұл жүйені жәбірленуші әйел үшін үрей тудыратын, күрделі әрі жат құрылымға айналдырады, ал шын мәнінде ол әйелдің қорғаны болуға тиіс еді.

Бұл әсіресе статистикадан айқын көрінеді. Өтініштер саны азайып жатқандай көрінгенімен, қылмыстардың латенттілігі артып келеді. Әйелдер зорлық-зомбылықтан зардап шегуді тоқтатқан жоқ – олар бұл туралы айтуды тоқтатты. Себебі енді олар біледі: бұл жай ғана учаскелік полиция қызметкерін шақырып, әкімшілік айыппұл салу емес. Бұл – қылмыстық іс, тергеу, сот, қоғам назарындағы оқиға, өмір сүру жағдайының күрт нашарлауы. Балаларының әкесінен ажырасып қалуы мүмкін. Тіпті, тергеу изоляторынан қайтып келген,

одан да қауіпті әрі ашулы зорлықшыға тап болу қауіпі де бар. Мұның бәрі – заңда айтылмайтын, бірақ әйелдің шынайы өмірі болып табылатын жайттар.

Осыған байланысты статистикалық талдау маңызды: отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты заңнаманың біртіндеп қатаюына қарамастан, полицияға жасалатын өтініштердің саны жыл сайын азайып келеді.

«Мысалы, полиция шақырулары:

- 2020 жылы – 179 096,
- 2021 жылы – 155 177,
- 2022 жылы – 115 526,
- 2023 жылы – 99 026,
- 2024 жылдың алғашқы 4 айында – 28 189.

Сонымен қатар, отбасылық-тұрмыстық саладағы ауыр қылмыстардың (денсаулыққа ауыр зиян келтіру және кісі өлтіру) саны да азаюда:

- 2020 жылы – 1 071,
- 2021 жылы – 1 022,
- 2022 жылы – 935,
- 2023 жылы – 923» [12].

Алғаш қарағанда бұл деректер жағдайдың жақсарғанын көрсететіндей әсер қалдыруы мүмкін. Алайда тереңірек талдау жүргізгенде мынандай сұрақ туындайды: бұл көрсеткіштер зорлық-зомбылықтың нақты азайғанын емес, әйелдердің отбасын бұзудан немесе қолдаусыз қалудан қорқып, көмек сұраудан бас тартуы салдарынан өтініштердің азайғанын білдірмей ме?

«ІІМ өкілдерінің айтуынша, соңғы жылдары Қазақстанда өтініш негізінде әрекет етуден гөрі, отбасылық зорлық-зомбылықты дербес анықтау және оған ден қою тәсіліне көшілді. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалар санының күрт өсуінен көрініс тапты. Сонымен қатар, отбасылық жанжалдар бойынша полицияға жасалған шақырулар саны 20%-ға, ал тіркелген қылмыстар саны 11,5%-ға азайды» [12].

Осылайша, қайшылықты жағдай қалыптасуда: заң жүзінде мемлекет зорлық-зомбылыққа белсенді түрде әрекет етеді, алайда әйелдер агрессор мен бүкіл отбасы үшін салдардың ауыр болатынын түсіне отырып, көбіне үндемеуді жөн көреді. Бұл – «қатаңдату парадоксы» деп аталатын құбылыс, яғни алдын алу және қолдау шараларынсыз тек жазаны қатаңдату зорлық-зомбылықтың азаюына емес, оның жасырын сипатқа енуіне әкеледі.

Құқық социологиясы көрсеткендей, құқықтық нормалар тек қатаң ғана емес, өміршең болуы тиіс. Яғни олар нақты өмірлік жағдайларда жұмыс істеуі керек, абстрактілі үлгіде емес. Егер заң өз қолданылуының әлеуметтік салдарын ескермесе, ол жаңа мәселелердің көзіне айналуы мүмкін. Соның нәтижесінде мемлекетке, құқыққа, полиция мен адам құқықтарын қорғау институттарына деген сенімсіздік пайда болады. Адамдар заңды қорған емес, қауіп ретінде қабылдай бастайды.

Сондықтан «заң қабылданды – мәселе шешілді» деген тұжырым мүлдем қате. Заңның өзі – әділдік пен қауіпсіздіктің кепілі емес. Ол – жүйенің бір бөлігі ғана. Ал егер бұл жүйе кешенді қолдау шараларын қарастырмаса, әйелге қорқыныш емес, қорғаныш сезімін сыйламаса, ең озық заңнамалық актінің өзі қағаз жүзінде қалып қояды.

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер үшін тек кінәліні жауапкершілікке тарту мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар кешенді қолдаудың – құқықтық, әлеуметтік, психологиялық және экономикалық көмектің болуы аса маңызды. Мұндай қолдаудың жоқтығы немесе жеткіліксіздігі құрбандардың алаңдаушылығын, күмәнін арттырып, оларды зорлық-зомбылық туралы үндемеуге итермелейді. Бұған қоса, отбасыны бұзды деген айыптаудан қорқу, қоғамның кінәлауы және ішкі стигматизация көбінесе көмек сұрауға кедергі келтіретін маңызды факторларға айналады.

Осы тұрғыда тек қана қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату, қолдау және алдын алу жүйесін қатар дамытпай, отбасылық зорлық-зомбылық мәселесін толық шешуге жеткіліксіз екені айқын болады. Заңнама теңгерімді болуы тиіс – ол зардап шеккендердің құқықтарын қорғауға, агрессорларға әділетті жаза тағайындауға ғана емес, сонымен қатар зардап шеккендерге қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, олардың қорқыныштары мен экономикалық тәуелділігін жеңуге көмектесуге бағытталуы керек. Мұндай қолдаусыз «жазаны қатаңдату» тек декларативті шара болып қалып, жағдайды шынайы өзгерте алмай, керісінше, жәбірленушілердің азабын күшейтуі мүмкін.

Сондықтан отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы жаңа заңнамалық шаралардың тиімділігін бағалауда тек статистика мен формалды көрсеткіштермен шектеліп қалмай, әлеуметтік, психологиялық және экономикалық факторлардың кешенін ескеру қажет деп санаймыз. Есептердегі әрбір санның артында нақты адамның тағдыры тұрғанын ұмытпау маңызды. Бұл мәселені шешу үшін пәнаралық және жан-жақты көзқарас қажет.

Сәйкесінше, жүйелі жұмыс – яғни білім беру мен құқықтық сауаттылықты арттыру, қолдау қызметтерін дамыту, зардап шеккендерге экономикалық көмек көрсету және құқық қорғау тәжірибесін реформалау – әйелдердің көмек сұраудан қорықпауына, ал жауапкершілікті қатаңдату тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрестегі шынайы әрі тиімді құралға айналуына ықпал ете алады. Бұл – үнсіздік пен оқшауланудың емес, әділдік пен қолдаудың жолы.

### 1.3. Шетел мемлекеттерінің тәжірибесіндегі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес тетіктері

Қазіргі заманда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі қоғам өмірінің құқықтық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени қырларын да

қамтитын ең өзекті әрі күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Халықаралық ұйымдар мен ұлттық үкіметтердің күш-жігеріне қарамастан, отбасындағы зорлық-зомбылық азаматтардың, әсіресе әйелдер мен балалардың физикалық және психологиялық жағдайына айтарлықтай қауіп төндіруде.

Сонымен қатар, бірқатар шет мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, егер бұл мәселеге тиімді заңнамалық тетіктерді, мекемелер арасындағы үйлесімді өзара іс-қимыл жүйесін және зорлық-зомбылыққа деген қоғамдық төзбеушілікті қамтитын кешенді тұрғыдан қаралса, оған қарсы күресте айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Адам құқықтарын қорғау жүйесін жаңғыртудың белсенді кезеңінен өтіп жатқан Қазақстан үшін халықаралық тәжірибені зерттеу ерекше өзектілікке ие. Дүниежүзінің түрлі елдерінде қолданылып жүрген құқықтық, институционалдық және практикалық модельдерді зерделеу арқылы қазіргі тәсілдердің тиімді және әлсіз жақтарын анықтап қана қоймай, сонымен бірге ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеуге және енгізуге болатын элементтерді де белгілеуге болады.

Осы бөлімде құқықтық жүйелері мен әлеуметтік дамуы әртүрлі деңгейдегі елдердің тәжірибесі талданатын болады. Бұл қолданыстағы тетіктердің неғұрлым объективті әрі жан-жақты бағасын беруге мүмкіндік жасайды.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді ұлттық модель қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі – шетелдік, оның ішінде Ресей Федерациясында қолданылып жүрген құқықтық және институционалдық тәсілдерді зерттеу болып табылады. Ресейде отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның жолын кесуге бағытталған арнайы федералдық заң болмаса да, елде осы салада алдын алу және жазалаушы шараларды жүзеге асыратын жекелеген құқықтық нормалар мен мемлекеттік органдар жұмыс істейді.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негізгі рөлді ішкі істер органдары атқарады. Олар азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдап, тіркеуді жүзеге асырады, оқиға орындарына шығып, сұрау жүргізеді және әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау рәсімін бастайды. Сонымен қатар, бұл жұмысқа кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар, әлеуметтік қорғау органдары, прокуратура және сот органдары да қатысады.

Ресей Федерациясында отбасылық зорлық-зомбылықпен күресті реттейтін нормативтік база Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің жекелеген баптарынан тұрады. Атап айтқанда, РФ Қылмыстық кодексінің 112, 115, 117 және 119-баптары денсаулыққа зиян келтіру, азаптау және қорқыту әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейді [13], ал РФ Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 6.1.1-бабы ұрып-соғу әрекеті үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейді [14].

Алайда 2017 жылдан бастап ұрып-соғу әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарынан алынып тасталғаннан кейін, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың елеулі бөлігі әкімшілік құқық бұзушылықтар ретінде қайта сараланды. Бұл жағдай, адам құқықтарын қорғаумен айналысатын ұйымдардың пікірінше, мемлекет тарапынан әрекет етудің тиімділігін төмендетеді [15].

Алдын алу негізінен әлеуметтік қолдау шаралары, дағдарыс орталықтары мен баспаналар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай мекемелер негізінен Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан сияқты ірі қалаларда шоғырланған. Алайда ауылдық жерлерде бұл қызметтерге қолжетімділіктің шектеулі болуы және баспаналардағы орындардың жетіспеушілігі – әлі де шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі.

Сонымен қатар, құқық қолдану тәжірибесі жүйесіздігімен және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіз үйлестірілуімен сипатталады, бұл өз кезегінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің тиімділігін төмендетеді. Көптеген істер жәбірленушілердің қорқыныштан, куәлардың болмауынан және түсінік беруден бас тартуынан сотқа дейін жете бермейді. Ал қылмыстық қудалау дәлелдемелерді жинау кезінде қиындықтарға тап болады, бұл кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды күрделендіреді.

Ресей заңнамасында қорғау ордерлерінің болмауы – ерекше назар аударатын мәселе. Бұл – агрессор мен жәбірленуші арасындағы байланысты шектеуге және қайталанатын зорлық-зомбылық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін халықаралық деңгейде тиімді деп танылған құқықтық тетік. Ресей – Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтың дербес құрамына бөлмеген жалғыз ел болып отыр. Мұндай оқиғалар жәбірленушілердің құқықтық қорғалуын айтарлықтай әлсіретіп, бұл салада жүйелі тәсілді қалыптастыруды қиындатады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда халықаралық практикада кеңінен қолданылатын негізгі құқықтық тетіктердің бірі – қорғау ордерлерінің болмауы – ерекше алаңдаушылық туғызады. Мұндай ордерлер агрессордың жәбірленушімен уақытша байланысын шектеуге мүмкіндік беріп, қайталанатын зорлық-зомбылық тәуекелдерін азайтады. Жәбірленуші өзінің қорлаушысымен бірге тұруға мәжбүр болған жағдайларда мұндай құқықтық тетіктердің болмауы оны одан әрі психологиялық қысым мен қорқытуға ұшыратады.

Аталған мәселе бойынша Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Т.Н. Москалькова бірнеше рет назар аударған. Мәселен, «Әйелдердің әлеуметтік қолайсыздығы мен оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және ескерту» тақырыбындағы дөңгелек үстелде ол 115 және 116.1-баптар бойынша жәбірленушілердің өтініштерін УПК РФ-нің 319-бабына сәйкес соттар тарапынан қайта қарауға жіберу тәжірибесін жою

қажеттігін атап көрсетті. Бұл тәжірибе айыптыны жеке айыптау тәртібімен қылмыстық жауапкершілікке тартуды қиындатады [16]. Ресейлік тәжірибемен салыстырғанда Қазақстан заңнамасы айтарлықтай ілгері қадам жасағаны маңызды айырмашылық болып табылады. Жуырда Қазақстан Республикасының Президенті әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігін қорғауға бағытталған заңға қол қойды. Бұл заң тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық әрекет ретінде таниды және ұрып-соғу, сондай-ақ адамның денсаулығына қасақана жеңіл, орташа және ауыр зиян келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілік көздейді [17]. Ерекше назар бала құқықтарын қорғауға аударылады: кәмелетке толмаған балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайында тараптардың татуласуына жол берілмейді, бұл ең осал топтарды қорғайтын шараларды күшейтеді.

Қазақстанның ең жақын көршісі – Ресей тәжірибесі көрсеткендей, арнайы заңның және жүйелі шаралардың болмауы тұрмыстық зорлықпен күрес тиімділігін төмендетеді және көптеген зардап шеккендерді лайықты қорғалусыз қалдырады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның заңнамалық бастамалары прогрессивті әрі өз уақытында қабылданған болып табылады, отбасылық тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті арттыруға және сенімді құқықтық негіз қалыптастыруға септігін тигізеді.

Ресей тәжірибесінің, оның күшті және әлсіз жақтарының талдауы Қазақстанның ұлттық моделін жетілдіруде маңызды дереккөзі болып табылады, әсіресе институтаралық өзара әрекеттестік, зардап шеккендерді қолдау инфрақұрылымын дамыту және кешенді алдын алу шараларын енгізу мәселелерінде.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы құқықтық механизмдердің посткеңестік елдердегі салыстырмалы талдауы тиімді құқық қолдану моделін қалыптастыру контекстінде аса өзекті болып табылады. Бұл тұрғыда Грузияның тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады — соңғы екі онжылдықта мәселені декларативті түрде мойындаудан кешенді институционалдық шараларға дейінгі жолды атқарған мемлекет.

Грузияда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын негізгі субъектілерге Ішкі істер министрлігі, прокуратура, әлеуметтік қорғау қызметі және уәкілетті соттар жатады. Сонымен қатар, зорлық-зомбылық құрбандарын қолдауда және қолдау жүйесін дамытуда белсенді қызмет ететін үкіметтік емес ұйымдар, соның ішінде әйел заңгерлер ассоциациялары мен дағдарыс орталықтары маңызды рөл атқарады.

Тұрмыстық зорлықпен күресудің құқықтық негізі Грузияның 2006 жылғы 25 мамырдағы «Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күрес, зорлық құрбандарына қорғау және көмек көрсету» туралы Заңымен қаланған. Маңызды белес ретінде 2017 жылы Грузияның Еуропа Кеңесінің Ыстамбұл конвенциясына қосылуы саналады, бұл ұлттық заңнаманың бірнеше баптарын қайта қарауды, соның

ішінде зорлық ұғымын кеңейтуді, қорғаныс ордерлерін беру тәртібін және олардың орындалуын қамтамасыз етуді талап етті [18].

Заңдық негізге сүйене отырып, 2006 жылғы 25 мамырдағы Грузияның «Отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтату, зорлық құрбандарына қорғау және көмек көрсету» туралы Заңы отбасылық зорлық ұғымы мен оның субъектілеріне нақты анықтама береді. Осы нормативтік актіге сәйкес, отбасылық зорлық – бір отбасы мүшесінің екінші мүшесінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын физикалық, психологиялық, экономикалық, сексуалдық зорлық немесе мәжбүрлеу арқылы бұзуы болып табылады. Мұнда мәжбүрлеу дегеніміз – адамның өз құқығына сәйкес әрекет етуден немесе әрекет жасамаудан бас тартуға немесе еркіне қарсы осындай әсерге ұшырауға мәжбүрлеу мақсатындағы физикалық немесе психологиялық ықпал [19].

Арнайы назар отбасылық мүшелер ретінде танылатын кең ауқымды адамдарға аударылады. Бұл тек ата-аналар, жұбайлар және балалар (соның ішінде асырап алынған балалар мен қыздары) ғана емес, сондай-ақ асырап алушылар, олардың жұбайлары, сондай-ақ баланы тәрбиелеуге алған тұлғалар — қамқоршылар, опекундар, попечительдер және бір отбасылық тұтынушы үй шаруашылығында бірге тұрып немесе қолдау көрсеткен басқа адамдар. Бұл тізімге бұрынғы жұбайлар, тіркелмеген неке қатынасындағы адамдар және олардың отбасы мүшелері де кіреді, бұл қазіргі қоғамның әлеуметтік-құқықтық шындығын көрсетеді және зорлық-зомбылыққа ұшырағандарды барынша қорғауға бағытталған [20].

Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу шеңберінде назар тек репрессивтік шараларға ғана емес, сондай-ақ құқық бұзушыларды оңалтуға да аударылады. Әсіресе қайталанатын зорлық әрекеттері кезінде мінез-құлықты түзетуге бағытталған міндетті бағдарламалар көзделген. Бұдан бөлек, Грузияның Ішкі істер министрлігі Адам құқықтары және әділет орталығымен (Human Rights Education and Monitoring Center) бірлесіп, полиция қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер мен прокурорлар үшін оқыту семинарларын өткізеді. Бұл семинарлар зорлық-зомбылықтың ерте белгілерін анықтау және зардап шеккендермен тиімді жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған [21].

Жәбірленушілерді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Грузияда күзету ордердің шарттарын бұзған адамдарға арналған инновациялық құрал — электронды білезіктер енгізілді. Бұл құрылғылар агрессордың іс-әрекетін үздіксіз бақылауға және жәбірленушіге жақындау әрекеттеріне уақтылы әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, елде ұлттық сенім телефоны және дағдарыс орталықтары желісі жұмыс істейді. Бұл орталықтар уақытша баспана беріп қана қоймай, сонымен қатар құқықтық, медициналық және психологиялық көмек те көрсетеді.

Жауапкершілікке тарту практикасына келсек, Грузияда отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша қылмыстық істер санының тұрақты өсу үрдісі байқалады. Мысалы, Грузия прокуратурасының деректері бойынша, 2022 жылы отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты 5 712 іс тіркеліп, олардың 87%-ында айыптау ісі сотқа жеткізілген [22].

Сонымен қатар, бірқатар мәселелер әлі де сақталып отыр. Атап айтқанда, шығарылған қорғау ордерлерінің саны мен істердің нақты түрде сотқа жетуінің арасында теңгерімсіздік байқалады. Бұған қоса, қолдау бағдарламалары болғанымен, шалғай өңірлерде халықтың хабардар болу деңгейі төмен күйінде қалып отыр, ал дәстүрлі мәдени стереотиптер әйелдердің көмек сұрауына кедергі келтіруде.

Осыған байланысты, Грузияның тәжірибесі заңнамалық шаралар, институционалдық өзара іс-қимыл, әлеуметтік профилактика және техникалық инновацияларды ұштастыратын жүйелі тәсілдің тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрестің тиімділігін айтарлықтай арттыра алатынын көрсетеді. Алайда бұл бағыттағы жұмыстың табысты болуы үшін қабылданған шаралардың нәтижелілігіне тұрақты талдау жүргізу, азаматтық қоғамды тарту және әлеуметтік-мәдени кедергілерді жою бойынша мақсатты жұмыс жүргізу аса маңызды.

Европа мемлекеттері арасында ең консервативтілердің бірі саналатын Германия кез келген реформаны баяу, бірақ мұқият және жүйелі түрде жүзеге асыруымен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл саласында да байқалды. Аталған бағыттағы реформалар 2000 жылдары бастау алып, 2002 жылы Германияда «Отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы» заңның (Gewaltschutzgesetz – GewSchG) қабылдануымен айтарлықтай ілгеріледі. Аталған заңның қабылдануы зорлық-зомбылық құрбандарына құқықтық қорғау шараларын ұсынуға және бұл мәселемен жүйелі түрде айналысатын арнайы мемлекеттік құрылымдардың – мемлекеттік билік органдарының, дағдарыс орталықтарының, көмек көрсету топтары мен өзге де ұйымдардың – құрылуына алып келді [23].

Германияның құқық қорғау органдары да бұл саладағы реформа шеңберінде айтарлықтай қайта құрылымдаудан өтті. Атап айтқанда, полиция құрылымында отбасылық зорлық-зомбылық істері бойынша арнайы уәкілетті бөлімшелер құрылып, олардың негізгі міндеті – тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін тіркеу, тиісті қорғау шараларын қолдану және жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай мамандандырылған құрылымдардың қызметі тергеу шаралары мен зорлық-зомбылық жағдайларын ерте анықтаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, GewSchG заңында сот шешімдерін орындамау, атап айтқанда, зорлық-зомбылық жасаған тұлғаларға қатысты шығарылған тыйымдар мен шектеулерді бұзу әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді.

Мұндай шектеулер жәбірленуші тұратын тұрғын үйге кіруге, оған жақын жерде болуға, жәбірленушіге жақындауға немесе онымен кез келген байланыс орнатуға әрекет жасаудан тыйым салу түрінде жүзеге асырылады. Аталған заңда жәбірленушілердің тұрғын үйге айрықша құқығы танылып, сот зорлық-зомбылық жасаған адамды тұрғын үйден шығаруға қаулы қабылдай алады. Бұл ереже жәбірленуші мен құқық бұзушы некеде болмаса да қолданылады. Сондай-ақ, егер тұрғын үйдің меншік иесі немесе жалға алушысы өзі зорлық-зомбылық жасаушы болса, ол да сот шешімімен тұрғын үйден шығарылуы мүмкін.

Дегенмен де қабылданған құқықтық және институционалдық шараларға қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылық, әсіресе әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, Германия үшін өзекті және шешімі күрделі мәселе болып қала беруде. Бұл тұрғыда 2014 жылы Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар агенттігі (FRA) жариялаған зерттеу нәтижелері айтарлықтай алаңдаушылық туғызды: сауалнамаға қатысқан Германиядағы әйелдердің шамамен 35%-ы 15 жастан бастап физикалық және/немесе сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшырағанын мәлімдеген. Мұндай құқық бұзушылықтардың салдары ретінде, жәбірленушілердің 80%-ы психологиялық зардаптарға душар болатыны анықталды [24].

Осыған байланысты, Германия билігі 2016 жылы сексуалдық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық және әкімшілік заңнаманы реформалауға кірісті. Бұл реформалардың нәтижесінде Германия Бундестагы 2017 жылғы 1 маусымда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерімен күресуді көздейтін және Еуропа Кеңесі шеңберінде қабылданған Стамбул конвенциясын ратификациялады. Осылайша, Конвенцияға 2011 жылы қол қойылғаннан кейін алты жыл өткен соң, Германия оның ережелерін өз ұлттық заңнамасына енгізіп, «Жоқ деген – жоқ» қағидатын ешбір шектеусіз қолдануға кірісті.

Бұл қағида мен оған ұқсас тәсілдер Еуропа елдерінің заңнамаларында да көрініс тапқан. Мәселен, Франция 2006 жылы «Отбасылық немесе кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жазаны күшейту туралы» арнайы заң қабылдап, соттарға зорлық-зомбылық жасаған адамды жәбірленуші тұратын үйден шығаруға құқық берді. Қылмыстық жауаптылықпен қатар, мұндай тұлғаларға міндетті психологиялық терапиядан өту немесе арнайы түзету бағдарламаларына қатысу талабы қойылады. Германияда да шартты жаза тағайындалған жағдайда құқық бұзушы әлеуметтік қызметтердің бақылауында болып, психотерапия немесе агрессияны басқару курстарынан өтуге міндеттеледі. Ұлыбританияда да осындай тәсіл қолданылып, зорлық-зомбылық әрекеттеріне барған адамдар міндетті түрде психологиялық немесе мінез-құлықтық терапия бағдарламаларына жіберіледі.

Бұл шектеулер мен қосымша міндеттер жазаның жазалаушы емес, қайта әлеуметтендіруші сипатын айқындап, оның басты мақсаты ретінде жәбірленушіні қорғауды, құқық бұзушының мінез-құлқын түзетуді және

осындай қылмыстардың қайталану қаупін төмендетуді көздейді. Осылайша, Германия мен өзге де Еуропа елдері заңнамасында қабылданған нормалар мен тәжірибелер құқық бұзушылыққа кешенді көзқарасты қамтамасыз етіп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осындай тәжірибелерге сүйене отырып, отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған қосымша тетік ретінде зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған адамдарға отбасылық психологпен міндетті түрде жұмыс істеу шарасын енгізу орынды болар еді. Мұндай міндеттеме құқық бұзушының өз мінез-құлқының себептерін түсініп, өзгертуіне ықпал етіп, агрессиялық реакцияларды басқару қабілетін дамытуға бағытталады. Сонымен қатар, бұл тек жазалау шарасы емес, сонымен бірге әлеуметтік оңалтудың тиімді тәсілі болып табылады. Нәтижесінде, тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттерінің қайталануын азайтып, отбасылық қатынастарды қалпына келтіруге, ауыр зардаптардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша шетелдік тәжірибеге жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау түрлі құқықтық жүйелерде қолданылатын тиімді тәсілдер мен орныққан үрдістерді айқындауға мүмкіндік береді.

Жекелеген мемлекеттер қылмыстық-құқықтық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық шараларды біріктіретін кешенді тәсілдерді енгізіп, қорғау бұйрықтары, құқық бұзушыларды электронды бақылау, міндетті психологиялық түзету және әлеуметтік сүйемелдеу құралдарын белсенді түрде қолдануда. Арнайы мекемелердің — дағдарыс орталықтарының, қамқоршылық органдарының, ведомствоаралық үйлестіру кеңестерінің — рөлі арта түсуде. Сонымен қатар, назар тек жазалауға емес, құқық бұзушыны әлеуметтендіруге де бағытталып отыр. Бұл қайталама құқық бұзушылықтардың азаюына және жәбірленушілердің құқықтарын неғұрлым орнықты қорғауға ықпал етеді.

Халықаралық стандарттарды, ең алдымен Стамбұл конвенциясының ережелерін ұлттық заңнамаға енгізу ерекше маңызға ие. Бұл қатысушы елдердің құқықтық жүйелерінде адам құқықтарын қамтамасыз ету мен гендерлік және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласында ортақ бағыттардың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Салыстырмалы талдау көрсетіп отырғандай, осы салада мемлекеттік саясатты табысты іске асыру үшін саяси ерік-жігер, құқықтық анықтығы бар нормативтік база, ведомствоаралық өзара іс-қимыл мен қоғамдық қолдаудың үйлесімі қажет. Дәл осы факторлардың үйлесімі елдерге отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ден қоюдың тұрақты әрі тиімді моделін құруға мүмкіндік береді.

Бірқатар шетел мемлекеттерінің заңнамалық және практикалық тәжірибесін қарастыра келе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылда

ұлттық шаралардың тиімділігі көбінесе халықаралық құқықтық стандарттарға сүйену арқылы қамтамасыз етілетінін атап өткен жөн. Осы тұрғыда отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күреске бағытталған жаһандық бағдарлар мен тәсілдерді қалыптастырған негізгі халықаралық декларациялар мен ұсынымдардың маңызы ерекше.

Халықаралық құқықта тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылға бағытталған құжаттар мен декларациялардың кең ауқымды жүйесі қалыптасқан. Бұл әлеуметтік және құқықтық мәселені шешуде жүйелі әрі кешенді тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы саладағы даму бағытын айқындайтын негізгі халықаралық актілердің бірі – 1995 жылы Әйелдердің жағдайы жөніндегі Төртінші Бүкіләлемдік конференцияда қабылданған Бейжің декларациясы мен Іс-қимыл платформасы болып табылады. Аталған құжат әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және кемсітушіліктің барлық түрлерін, соның ішінде зорлық-зомбылықты жою қажеттігін жариялап, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, жәбірленушілерге қолдау көрсету жүйесін құру, сондай-ақ тиісті шараларды денсаулық сақтау, әділет және әлеуметтік қорғау салаларына интеграциялау маңыздылығына баса назар аударады. Іс-қимыл платформасы үкіметтер, халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғам арасында халықаралық ынтымақтастықты ынталандырып, әйелдердің өмір сүру және қауіпсіздік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында отбасылық зорлық-зомбылықпен күреске бағытталған кешенді стратегияларды іске асыруды көздейді [25].

Тағы бір іргелі халықаралық құжат – 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация болып табылады. Бұл актіде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жынысына негізделген, физикалық, жыныстық немесе психологиялық зиян келтіретін кез келген әрекет ретінде айқындалады. Декларацияда былай деп нақты көрсетілген: «мемлекеттер зорлық-зомбылықты жою, сондай-ақ жәбірленушілерді қорғау мен оңалтуды қамтамасыз ету мақсатында заңнамалық, әкімшілік, әлеуметтік және білім беру шараларын қабылдауға міндетті» [26].

Мәдени және әлеуметтік тәжірибелерге қарсы күрестің, сондай-ақ отбасындағы және жалпы қоғамдағы зорлық-зомбылықтың алдын алудың маңыздылығына ерекше назар аударылады.

Халықаралық ұсынымдардың ішінде БҰҰ бағдарламалары аясында әзірленген Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі Үлгілік заңнама маңызды орын алады. Бұл ұсынымдар жиынтығы отбасылық зорлық-зомбылықты анықтау, алдын алу, тоқтату және жазалау мақсатындағы нормалар мен ережелердің жан-жақты жүйесін ұсынады. Құжатта негізгі ұғымдардың нақты анықтамалары, жәбірленушілердің құқықтарын қорғау шаралары, көмек көрсету және алдын алу бағдарламаларын әзірлеу бойынша мемлекеттік органдардың міндеттері көзделген.

Аталған құжаттың ерекшелігі — зорлық-зомбылыққа қарсы күресте көпдеңгейлі тәсілді қолдану, яғни уақытша шектеу шараларынан бастап қылмыстық қудалауға дейін, сондай-ақ қолдау қызметтері мен дағдарыс орталықтарын құру. Бұл үлгілік заңнама отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарын жан-жақты қорғау мен оңалтуға бағытталған ұлттық заңнамаларды қалыптастыру үшін маңызды бағдар ретінде қызмет атқарады [27].

Әйелдерге қатысты және отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған қарсы күрестегі кешенді құқықтық реттеудің өңірлік үлгісі ретінде 2011 жылы қабылданған Еуропа Кеңесінің Стамбул конвенциясы танылады. Бұл — әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың барлық аспектілерін: физикалық, психологиялық, сексуалдық, экономикалық, сондай-ақ цифрлық кеңістіктегі зорлық-зомбылықты кешенді түрде реттейтін әлемдегі алғашқы халықаралық құқықтық акт.

Конвенция мемлекеттерді алдын алу шараларын қабылдауға, жәбірленушілерге тиімді қорғау мен қолдау көрсетуге, сондай-ақ кінәлілерді қатаң жазалауға міндеттейді. Маңызды қағидаттардың бірі — жыныстық қатынас кезіндегі келісімнің болуы, бұл «жоқ деген – жоқ» деген тұжырым арқылы нақты бекітілген.

Бұдан бөлек, құжат мемлекеттерге мамандандырылған органдар мен қызметтер құруды, деректерді жинау жүйесін жетілдіруді және отбасылық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша қоғамның құқықтық санасын арттыруды міндеттейді [28].

Бұл актілер зорлық-зомбылықты болдырмау және әйелдердің құқықтарын әртүрлі әлеуметтік және саяси жағдайларда қорғауға бағытталған кешенді шаралар жүйесін қалыптастыруға өз үлесін қосады. Сонымен қатар, «Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік» сияқты халықаралық бастамалар да маңызды рөл атқарады, олар қоғамның назарын аударуға және аталған мәселе бойынша күш-жігерді жұмылдыруға септігін тигізеді [29].

Міне, осылайша, халықаралық декларациялар мен модельдік заңнамалық актілер тұрмыстық зорлық-зомбылықпен тиімді күрес жүйелі тәсілді қажет ететінін айқын көрсетеді. Бұл тәсіл зорлықтың барлық түрлерін құқықтық реттеуді, зардап шеккендерді қорғау мен қолдаудың тиімді механизмдерін құруды, қоғамдық көзқарастар мен стереотиптерді өзгертуге бағытталған алдын алу шараларды жүргізуді, сондай-ақ түрлі салалар мамандарын даярлау мен оқытуды қамтиды. Гендерлік тәсілді және адам құқықтарын құрметтеуді ұлттық заңнамалар мен саясатқа енгізу тұрмыстық зорлықпен күрестің табысты болуының негізі болып табылады. Халықаралық стандарттар мен ұсыныстар ұлттық құқықтық жүйелерді қалыптастыру мен жетілдіруге маңызды бағыт-бағдар болып, азаматтардың тұрмыстық зорлықтан қорғалуын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен тиімді күрес кешенді және көпқабатты тәсілді талап етеді, ол ұлттық заңнамалық бастамалар

мен халықаралық стандарттардың үйлесуі арқылы жүзеге асады. Ресей, Германия, Грузия және басқа да елдердің тәжірибесін талдау көрсеткендей, отбасылық зорлықпен күрестің табысты негізі – құқық қолдану практикасын, профилактикалық шараларды және зардап шеккендерді әлеуметтік қолдауды біріктіру. Бұл үдерісте зардап шеккендерді қорғауға және құқық бұзушыларды қайта тәрбиелеуге жауапты арнайы құрылымдардың рөлі зор, сондай-ақ қорғау шараларын бұзғаны үшін қатаң заңнамалық жауапкершілік қарастырылған.

Ұлттық заңнаманы дамыту барысында елдер халықаралық құқықтық актілер мен декларацияларға сүйенеді, олар тұрмыстық зорлықпен күресудің біртұтас құқықтық және моральдық-этикалық платформасын қалыптастырады. Пекин декларациясы мен Әрекет ету платформасы, Әйелдерге қарсы зорлықты жою туралы декларация және БҰҰ-ның модельдік заңнамасы секілді құжаттар адам құқықтарын қорғау, теңдікті қамтамасыз ету және зорлықтың кез келген түрін болдырмауға бағытталған негізгі принциптер мен ұсынымдарды қамтиды. Халықаралық стандарттар ұлттық құқықтық жүйелердің үйлесімділігін қамтамасыз етіп, түрлі мемлекеттердің іс-қимылдарының бірізділігі мен ұдайы дамуын қолдайды, бұл ғаламдану мен мемлекетаралық ынтымақтастық жағдайында ерекше өзекті болып табылады.

Әлемдік тәжірибе мен халықаралық нормативтік актілердің жүйелі талдауы нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жоюға бағытталған әмбебап және бейімделетін механизмдер айқындалады. Бұл механизмдер тек қылмыстық-құқықтық жауапкершілікті күшейтуге ғана емес, сондай-ақ зардап шеккендер мен құқық бұзушыларға психологиялық қолдау көрсету, оңалту және әлеуметтік интеграция жасау жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Халықаралық стандарттарға негізделген кешенді тәсілдерді ұлттық құқықтық тәжірибеге енгізу тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау жүйесін қалыптастырудың кілті болып табылады, ол қоғамның қазіргі заманғы сын-қатерлеріне лайықты жауап бере алады.

Алдағы зерттеулер мен заңнаманы жетілдіру әлемдік үздік тәжірибелер мен халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыруға және ең осал топтарды сенімді қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесінде Германия, Франция және АҚШ елдерінің тиімді тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады. Бұл мемлекеттерде жәбірленуші мен құқық бұзушы арасындағы татуласу кезінде қылмыстық жауапкершіліктен босату белгілі бір міндеттемелер тағайындалады, соның бірі – отбасылық психологқа міндетті түрде бару міндеттемесін жүктеу.

Мұндай міндеттеме (яғни қорғау шарасы), тек құқық бұзушылықтың қайталануын болдырмауға бағытталған шара ғана емес, сонымен қатар мұндай

мінез-құлықтың туындау себептерін анықтап, тереңірек психологиялық талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Осы негізде, еліміздің аталған құқық бұзушылықтармен күрес тәжірибесінде қолданыстағы қылмыстық заңнамаға келесідей толықтыру енгізуді ұсынамыз.

ҚР ҚК «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу» 98-3-бабы 1-бөлігін 4-тармағымен толықтыру ұсынылады:

«Осы кодекстің Ерекше бөлігінде көрсетілген отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша отбасылық психолог курсына бару міндеттемесі».

2. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтаның алдын алу және жолын кесу мәселелері

2.1 Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі мемлекеттік және қоғамдық субъекттердің рөлі

Қазіргі кезеңде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес – Қазақстан Республикасы үшін аса өзекті әлеуметтік-құқықтық мәселелердің бірі болып отыр. Бұл проблема тек қана жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты емес, сонымен қатар тұтас қоғамның тұрақтылығы мен азаматтық қауіпсіздік деңгейіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның жолын кесу жұмыстары мемлекеттік органдармен қатар, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының да бірлескен күш-жігерін талап етеді.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңында зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі құқықтық негіздері айқындалған. Аталған заңның 1-бабының 4 тармақшасында «тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы – тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені» деп анықталады. Ал осы баптың 5 тармақшасында «тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері – тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар және Қазақстан Республикасының азаматтары» жатқызылған [9].

Осы заңнамалық негізге сүйене отырып, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның жолын кесу мәселесінде түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың үйлесімді және кешенді өзара әрекеті қажет екендігі айқын көрінеді.

Қазіргі кезеңде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес – Қазақстан Республикасы үшін аса өзекті әлеуметтік-құқықтық мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселе тек жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның тұрақтылығына, қоғамдық тәртіпке және азаматтардың қауіпсіздігіне тікелей ықпал етеді. Сондықтан отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу тек құқық қорғау органдарының емес, сонымен қатар үкіметтік емес ұйымдардың, азаматтық

қоғам институттарының, жергілікті қоғамдастықтардың және жеке азаматтардың бірлескен күш-жігерін талап етеді.

Мемлекеттік деңгейде отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу бойынша басты рөл атқаратын субъект – ішкі істер органдары болып табылады. Олар құқық бұзушылықтың әрбір фактісі бойынша жедел әрекет етуге, әкімшілік шаралар қабылдауға, қажет болған жағдайда қорғану нұсқамасын шығаруға және қылмыстық іс қозғауға уәкілетті. Сонымен қатар ішкі істер органдары отбасылық зорлық-зомбылық фактілерін тіркеп, талдап, олардың қайталануын болдырмау бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізеді. Нақты айта кетсек, ішкі істер органдарының функциялары мен өкілеттіктері «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңымен нақты реттелген. Аталған заңға сәйкес, ішкі істер органдары отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған бірқатар маңызды міндеттерді жүзеге асырады [9].

Атап айтқанда, ішкі істер органдары тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады. Бұл олардың құқықтық негізді жетілдіру арқылы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саясатына тікелей әсер ете алатынын көрсетеді. Сонымен қатар, олар заңмен белгіленген «тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады». Яғни, бұл орган профилактикалық бағыттағы қызметін тек құқық бұзушылық орын алғаннан кейін ғана емес, алдын алу мақсатында да жүргізеді.

Ішкі істер органдарының маңызды функцияларының бірі – «балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды анықтау» болып табылады» [9]. Мұндай тұлғаларды анықтау – балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шешуші қадам. Бұл шаралар жасөспірімдердің отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болуына жол бермеуге бағытталған.

Сонымен қатар, ішкі істер органдары «профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады» [9]. Бұл қағида зорлық-зомбылық жасау қаупі бар тұлғаларды тіркеуге алып, олармен жүйелі түрде профилактикалық жұмыс жүргізу қажеттілігін көздейді. Мұндай бақылау қайталанатын немесе үдеп бара жатқан зорлық әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламалар ішкі істер органдарымен дереу қарастырылады. Заң талаптарына сәйкес, олар мұндай мәліметтерді сол жерге барып тексеруге және зорлық-зомбылықтың жолын кесу жөніндегі шаралар

қабылдауға міндетті. Бұл жедел әрекет ету тетігі жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зорлықты дереу тоқтату үшін аса маңызды.

Сондай-ақ, ішкі істер органдары «жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді». Мұндай жолдаулар жәбірленушінің қажетті психологиялық, медициналық және құқықтық қолдау алуын қамтамасыз етеді, әрі зорлық салдарымен күресте кешенді көмек тетігінің бір бөлігі болып табылады.

Осы бағыттар бойынша жүргізілетін жұмыс ішкі істер органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте тек жазалау шараларын қолданатын құрылым емес, сонымен бірге профилактикалық, әлеуметтік және қолдаушы функцияларды атқаратын кешенді институт ретінде әрекет ететінін дәлелдейді. Бұл олардың қоғамдағы бейбіт және қауіпсіз отбасылық қатынастарды қалыптастырудағы рөлін ерекше көрсетеді. Осындай жан-жақты ықпал ету формаларының жиынтығы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталануын болдырмауға, жәбірленушіні қорғай отырып, бүкіл қоғам үшін құқықтық қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыруға бағытталған.

Алайда бұл саладағы кешенді және үйлестірілген тәсілді қамтамасыз ету үшін жалғыз құқық қорғау органдарының күш-жігері жеткіліксіз. Осы орайда мемлекеттік саясатты қалыптастырушы және үйлестіруші орган ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің рөлі ерекше маңызға ие.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған жол бермеу бағытында мемлекеттің жалпы стратегиясын қалыптастыруда Үкімет шешуші рөл атқарады. Бұл орган мемлекеттік деңгейде қабылданатын негізгі шешімдердің бастамашысы әрі үйлестірушісі ретінде әрекет етеді. Үкіметтің басты міндеттерінің бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындау. Яғни, қоғамдағы бұл әлеуметтік құбылыспен күресудің ұзақ мерзімді мақсаттарын, нақты басымдықтары мен механизмдерін қалыптастыру Үкімет деңгейінде жүзеге асады.

Сонымен қатар, Үкімет әртүрлі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен басқа да құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Бұл өзара іс-қимыл тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес саласындағы қызметтің тиімділігін арттырып, қайталанатын әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік береді. Әр субъектінің рөлі мен функциясы нақты бөлініп, бір-бірімен үйлестіріле отырып іске асырылуы – кешенді алдын алу жүйесінің негізі болып табылады.

Үкімет сондай-ақ еліміздің Конституциясы мен заңнамасында, Президент актілерінде көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады. Бұл дегеніміз, Үкімет тек нақты бағдарламалар мен жоспарларды іске асырып қана қоймай, сонымен қатар жалпыұлттық деңгейдегі құқықтық, әлеуметтік және

басқарушылық құралдарды қолдана отырып, отбасындағы зорлық-зомбылықты болдырмауға бағытталған шешімдер қабылдайды. Осылайша, Үкіметтің қызметі бұл мәселені шешуде жүйелік әрі стратегиялық тәсілді қамтамасыз етеді.

Ішкі істер органдары мен Үкіметтің қызметі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда маңызды рөл атқарса, осы саладағы жүйелі жұмыстар жергілікті деңгейде де жалғасын табуы тиіс. Себебі отбасындағы зорлық-зомбылық көбінесе нақты бір қауымдастықта, белгілі бір әлеуметтік ортада орын алады. Осыған байланысты жергілікті өкілді және атқарушы органдар да бұл бағытта белсенді және нақты құзыреттерге ие.

Жергілікті органдардың басты міндеттерінің бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына арналған шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету. Олар жергілікті бюджеттерде тиісті шығындарды қарастырып, осы бағыттағы бағдарламалардың орындалуын қадағалайды. Бұл қаржылық қолдау түрлі алдын алу шараларын ұйымдастыруға, зардап шеккендерге көмек көрсетуге және инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жергілікті органдар тұрғындар мен ұйымдардың заң талаптарын орындауына ықпал етіп, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілері арасында үйлесімді әрекет етуді қамтамасыз етеді. Яғни, құқық қорғау органдары, әлеуметтік қызметтер, білім беру ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара байланыс пен ақпарат алмасуды ұйымдастыру – жергілікті атқарушы биліктің маңызды функцияларының бірі.

Мұнымен қоса, жергілікті жерде көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құру және олардың тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасау да осы органдардың құзыретіне кіреді. Бұл ұйымдар жәбірленушілерге уақытылы қолдау көрсетіп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Жергілікті билік сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін кәмелетке толмағандар мен қолайсыз отбасыларды анықтап, оларды арнайы есепке алып, бақылау жүргізеді. Бұл әлеуетті қауіптің алдын алуға және ерте әрекет етуге мүмкіндік береді. Соған қоса, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы акиматтар мен мәслихаттардың отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы өкілеттіктерін нақты белгілейді. Атап айтқанда, бұл органдар зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру мен қаржыландыруға, оның ішінде дағдарыс орталықтарын құруға және профилактика субъектілерінің қызметін үйлестіруге жауапты. Аталған шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған заңның 31-бабының 26 және 29 тармақтарына сәйкес, «жергілікті атқарушы органдар «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті» [30].

Осы заң нормалары жергілікті биліктің бұл саладағы міндеттері мен жауапкершілігін заңды түрде бекітіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрестегі олардың рөлін айқындайды.

Жергілікті атқарушы органдар тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының іске асырылуында маңызды қызметтер атқарса, осы бағыттағы жұмыстың табысты болуы үшін арнайы ведомстволық және қоғамдық құрылымдармен тығыз байланыс орнату қажет. Осыған байланысты, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар да маңызды рөлге ие болып, профилактика субъектілерімен үйлесімді әрекет жасайды. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар осы саладағы профилактикалық қызметтің субъектілерімен тығыз өзара іс-қимыл орнатып, бірлескен жұмысты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, комиссиялар жергілікті атқарушы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық шараларды енгізу жөнінде нақты ұсыныстар береді. Бұл ұсыныстар жергілікті деңгейде тиімді әрекеттерді жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған.

Сонымен бірге, комиссиялар көмек көрсету жөніндегі ұйымдармен бірігіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жәбірленушілерді оңалтуға арналған іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді. Мұндай бірлескен жұмыстар зардап шеккен азаматтарға кешенді қолдау көрсетуге мүмкіндік беріп, олардың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Осылайша, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуде үйлестіруші әрі бастамашы орган ретінде маңызды функцияларды атқарады.

Жергілікті деңгейдегі профилактика жұмыстарының тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру саласындағы уәкілетті орган да өз ерекше құзыретіне ие. Бұл орган тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған білім алушылар мен тәрбиеленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің стандарттарына сәйкес олардың қажеттіліктерін талдау жұмыстарын жүргізіп, осы талдаудың мониторингін қамтамасыз етеді. Мұндай мониторинг жергілікті атқарушы органдардың жәбірленушілерге көрсетілетін «көмектің сапасын бақылауға мүмкіндік береді және әлеуметтік қызметтерді жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға ықпал етеді».

Сонымен қатар, білім беру саласындағы уәкілетті орган «тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің әзірлеуіне белсене қатысады» [9]. Бұл құқықтық база профилактикалық жұмыстардың жүйелілігін, бірыңғайлығын және заңнамалық негізділігін қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдары арқылы жүзеге асырылатын тәрбие жұмысы да зор маңызға ие. Осы саладағы орган білім алушылар мен тәрбиеленушілердің заңға мойынсынушылық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған арнайы

бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, оларды білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізеді. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар балалар мен жасөспірімдердің құқықтық сауатын арттыруға, зорлық-зомбылыққа қарсы иммунизацияны қалыптастыруға бағытталған профилактикалық іс-шаралардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, мектептерде әлеуметтік тұрғыдан қиын жағдайдағы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан және арнайы есепте тұрған балалардың бар екендігін ескере отырып, білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті шеңберінде арнайы қызметкерлердің балалардың денесінде көгерулер, жарақаттар және басқа да сыртқы зақымдардың бар-жоғын жүйелі түрде тексеруін қамтамасыз ету маңызды. Бұл бақылау балалардың отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырап-ұшырамағанын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай алдын алу шаралары зорлық-зомбылықтың салдарын жеңілдетуге және балаларды қорғау үшін уақтылы көмек көрсетуге жағдай жасайды. Сонымен бірге, бұл тәсіл балалардың қауіпсіз ортаны сезінуіне және олардың психологиялық тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді, осылайша білім беру ұйымдары зорлық-зомбылыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарады.

Осы аталған міндеттерден бөлек, деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне енгізілуі немесе нақтылауды қажет ететін тағы бір маңызды мәселе – бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасөспірімдер арасында, әсіресе қыз балалар арасында ерте кезеңде анықталуы үшін қажетті жағдай жасау. Бүгінгі таңда мектеп жасындағы балалардың арасында отбасындағы зорлық-зомбылықтың белгілерін ерте кезеңде анықтау – алдын алудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл ретте, білім беру мекемелерінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе есепте тұрған, сондай-ақ қолайсыз әлеуметтік ортадан шыққан балалармен жұмыс жүргізетін мамандардың рөлі ерекше. Мұндай мамандардың оқушылардың сыртқы дене жарақаттары мен мінез-құлықтағы ауытқуларды уақытылы байқауы зорлық-зомбылық фактілерін ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның шалғай және аудандық елді мекендеріндегі білім беру ұйымдарында гинеколог, психолог және басқа да тар бейінді мамандардың болмауы – ерекше алаңдататын мәселе. Көп жағдайда қыз балалар денсаулық мәселелерімен, оның ішінде тұрмыстық немесе жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылықтан кейінгі белгілермен маманға уақытылы жүгіне алмайды. Бұл олардың психологиялық және физикалық жағдайының нашарлауына, сондай-ақ құқықтық қорғаусыз қалуына алып келеді. Мұндай жағдайлар жиі еленбей қалады және тиісті деңгейде тіркелмейді.

Осыған байланысты Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тарапынан ауылдық және аудандық деңгейде қыз балалардың денсаулығын жүйелі түрде тексеруді қамтамасыз ететін арнайы профилактикалық бағдарламалар әзірлеу қажеттігі туындайды. Бұл бағдарламалар мектептерде

жоспарлы медициналық тексеруден бөлек, әсіресе қауіп тобына жататын оқушылар үшін бағытталған болуы тиіс. Тар бейінді мамандардың – мысалы, гинекологтардың – мектептерге мерзімді келуін ұйымдастыру, сондай-ақ мұғалімдер мен мектеп психологтарын балалардың зорлық-зомбылық белгілерін тануға оқыту – зорлықтың ерте алдын алу мен оның салдарын жеңілдетуге бағытталған тиімді құралдардың бірі болар еді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құзыреттері мен өзара іс-қимыл механизмдері қазіргі құқықтық жүйеде нақты айқындалған. Қолданыстағы заңнамалар аясында ішкі істер органдары, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдар, әлеуметтік қызметтер, дағдарыс орталықтары және қоғамдық ұйымдар секілді субъектілердің әрқайсысы өзіне тиесілі функционалды міндеттерді атқарады. Бұл құрылымдардың барлығы жәбірленушілерге көмек көрсету, оларды қорғау және оңалту, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың қайталануына жол бермеу бағытында жұмыс істеуге міндетті.

Сонымен бірге, тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте нақты нәтижеге қол жеткізу тек жеке ведомстволық әрекеттермен шектелмей, барлық мүдделі тараптардың тиімді және тұрақты өзара іс-қимылын қажет етеді. Бұл – көп деңгейлі, кешенді тәсіл мен бірыңғай стратегияны талап ететін әлеуметтік-құқықтық мәселе.

Осыған орай, барлық субъектілердің үйлестірілген әрекетін қамтамасыз ету, ақпарат алмасу жүйесін жолға қою, бірлескен алдын алу шараларын тұрақты түрде ұйымдастыру – зорлық-зомбылықтың алдын алудағы басты басымдықтардың бірі болуға тиіс. Әсіресе осал топтармен жұмыс жүргізуде нақты жауапкершілікті арттырып, әрбір қызмет түрінің салалық ерекшелігін ескере отырып, жүйелі тәсіл қолдану қажет.

Мемлекеттік саясат пен құқық қолдану тәжірибесінде дәл осындай үйлесімділік пен серіктестік қағидаттарын нығайту тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте оң нәтижеге қол жеткізудің негізі болып саналады.

Осы айтылған барлық құзыреттер мен қызметтік бағыттарды талдай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл саласында нақты институционалдық тетіктер қалыптасқаны байқалады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құзыреттері мен өзара іс-қимыл механизмдері қазіргі құқықтық жүйеде нақты айқындалған. Қолданыстағы заңнамалар аясында ішкі істер органдары, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдар, әлеуметтік қызметтер, дағдарыс орталықтары және қоғамдық ұйымдар секілді субъектілердің әрқайсысы өзіне тиесілі функционалды міндеттерді атқарады. Бұл құрылымдардың барлығы жәбірленушілерге көмек көрсету, оларды қорғау және оңалту, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың қайталануына жол бермеу бағытында жұмыс істеуге міндетті.

Сонымен бірге, тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте нақты нәтижеге қол жеткізу тек жеке ведомстволық әрекеттермен шектелмей, барлық мүдделі тараптардың тиімді және тұрақты өзара іс-қимылын қажет етеді. Бұл – көп деңгейлі, кешенді тәсіл мен бірыңғай стратегияны талап ететін әлеуметтік-құқықтық мәселе.

Осыған орай, барлық субъектілердің үйлестірілген әрекетін қамтамасыз ету, ақпарат алмасу жүйесін жолға қою, бірлескен алдын алу шараларын тұрақты түрде ұйымдастыру – зорлық-зомбылықтың алдын алуға басты басымдықтардың бірі болуға тиіс. Әсіресе осал топтармен жұмыс жүргізуде нақты жауапкершілікті арттырып, әрбір қызмет түрінің салалық ерекшелігін ескере отырып, жүйелі тәсіл қолдану қажет.

Мемлекеттік саясат пен құқық қолдану тәжірибесінде дәл осындай үйлесімділік пен серіктестік қағидаттарын нығайту тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте оң нәтижеге қол жеткізудің негізі болып саналады.

Одан бөлек, отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтар – тек отбасы мүшелерінің құқығын бұзумен шектелмейтін, сонымен қатар қоғамдық тұрақтылық пен ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететін қауіпті құбылыс. Осыған байланысты құқық қорғау органдары, білім беру және әлеуметтік қызметтер бірлескен, үйлестірілген жұмыс жүргізуі қажет. Сол себепті, бұл бағытта отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және тәуекелге бейім отбасыларды ерте кезеңде анықтап, олармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік беретін заманауи механизмдер қажет.

Осы орайда біз «Қауіпсіз Отбасы» атты электрондық ақпараттық жүйені енгізуді ұсынамыз. Аталған жүйе келесі негізгі міндеттерді шешуге бағытталады:

1. Отбасылық құқық бұзушылықтардың алдын алу
  - Бұрын тіркелген құқық бұзушылықтардың негізінде тәуекел тобына жататын отбасыларды автоматты түрде айқындау;
  - Белгілі бір уақыт аралығында қайталанған құқық бұзушылық әрекеттерін тіркеу, динамиканы бақылау;
  - Мекенжайлық қағидат бойынша бақылау жүргізу (әлеуметтік осал аудандарда жиі орын алатын жағдайларды картаға түсіру).
2. Балалар мен басқа да жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
  - Отбасында зорлық-зомбылық қаупі анықталған жағдайда, әлеуметтік қызметкер мен мектеп әкімшілігіне автоматты түрде ескерту беру;
  - Қамқоршылық және құқық қорғау органдары арасында ақпараттық алмасуды жеделдету;
  - Балалардың психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жедел әрекет ету алгоритмін енгізу.
3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын арттыру

- Ішкі істер, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау органдары арасында біртұтас ақпараттық алаң құру;

- Әрбір ведомствоның аталған отбасымен жұмыс нәтижелері туралы ортақ дерекқорға есеп беруін қамтамасыз ету;

- Құқықтық және әлеуметтік шараларды кешенді түрде жоспарлау мүмкіндігіне жол ашу.

#### 4. Аналитикалық және болжамдық мүмкіндіктер

- Талдау нәтижесінде отбасылық-тұрмыстық қылмыстардың таралу динамикасын анықтау;

- Мақсатты профилактикалық бағдарламаларды әзірлеуге негіз болу;

- Әлеуметтік саясаттың дәлелді және нақты дерекке негізделуін қамтамасыз ету.

«Қауіпсіз Отбасы» электрондық базасын енгізу – отбасылық-тұрмыстық салада құқық бұзушылықтарға қарсы кешенді күрестің жаңа деңгейі болмақ. Мұндай жүйе тек заң бұзушылықтың салдарын жоюмен шектелмей, оның алдын алуға, қауіп-қатердің ерте кезеңін тануға және балалар мен әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тиімді құрал ретінде қолданылады. Сонымен қатар бұл ұсыныс Қазақстан Республикасының “Цифрлық мемлекет” тұжырымдамасына сай келеді және ақпараттық технологияларды әлеуметтік қауіпсіздік саласына енгізудің нақты мысалы бола алады.

## 2.2 Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы алдын алу және әлеуметтік шаралар

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Заңының 3-бабы, 7-тармақшасына сәйкес, профилактиканың басты принциптерінің бірі «тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы» [9]. Бұл құқықтық норманың мазмұны мен мәніне сүйене отырып, тұрмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүйесін екі негізгі бағытта қарастыруға болады: біріншісі – алдын алу шаралары, екіншісі – құқық бұзушылықтың орын алуынан кейін қолданылатын жазалау шаралары.

Құқық бұзушылықпен күрестің бірінші бағыты – жазалау шаралары, яғни құқық бұзушыға қатысты заңды жауапкершілік жүктеу арқылы оның әрекеттеріне тежеуіш әсер ету. Бұл тәсіл құқық бұзушыны оның әрекетінің салдары туралы алдын ала ойлануға итермелеуі мүмкін. Заңмен белгіленген жаза түрлерінің болуы құқыққа қайшы әрекеттердің санын азайтуға бағытталған маңызды құрал ретінде танылады. Алайда, бұл тәсіл көбінесе құқық бұзушылық орын алғаннан кейін іске асырылады, сондықтан оның профилактикалық әсері шектеулі болып келеді.

Ал құқық бұзушылықтың екінші бағыты – алдын алуға бағытталған профилактикалық шаралар жүйесі. Бұл бағыт құқық бұзушылықтың пайда болу себептерін терең зерттеп, оларды жоюға немесе ықпалын азайтуға бағытталады. Мұндай шараларға әлеуметтік жұмыс, отбасылық кеңес беру, психологиялық көмек, маскүнемдік пен нашақорлықтың алдын алу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары сияқты тетіктер жатады. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бастапқы, яғни жеңіл немесе жасырын сатыларында анықтау, оларды ерте кезеңде тоқтату және кейінгі қайғылы зардаптардың алдын алу мақсатында бақылау механизмдерін қолдану болып табылады.

Мұндай кешенді тәсіл тек қана құқық бұзушылықтың өзіне емес, оның тамырында жатқан әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және мәдени факторларға да әсер ете отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жүйелі алдын алуға мүмкіндік береді. Осы орайда, алдын алу шараларының заң жүзінде жазалау шараларынан басымды болуы – қазіргі құқықтық саясаттың гуманистік және ұзақмерзімді нәтижелерге бағытталғанын көрсетеді.

А. В. Равнюшкин өзінің еңбегінде отбасылық ахуалдың адам тұлғасына әсіресе қатысты былай айтады. «Отбасы — адам тұлғасы қалыптасатын ең маңызды әлеуметтік орта болып табылады. Дәл осы ортада оның мінез-құлқының белгілі бір ерекшеліктері мен басқа адамдармен қарым-қатынастағы жүріс-тұрыс үлгілері қалыптасады» [31].

Бұл пікір отбасының мемлекет болашағындағы айрықша рөлін айқындайды. Себебі, отбасының әрбір мүшесі – мемлекеттің азаматы. Ал азаматтар арасындағы туындауы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алу мен олармен күресу – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Одан бөлек, жас ұрпақ мемлекеттің болашағы болып саналатындықтан, олардың сапалы білім алуына, жан-жақты дамуына және болашақта ел игілігі үшін қызмет етуіне дейінгі кезеңде қолайлы жағдай мен тұрақты орта қамтамасыз етілуі тиіс.

А. Кузнецов және Д. Шевелеваның пікірлерінде «отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында зорлық-зомбылыққа көбінесе әйелдер мен балалар ұшырайды. Алайда мұндай құқық бұзушылықтардың латенттілігі (жасырын қалуы) жоғары, себебі жәбірленушілер көбіне құқық қорғау органдарына шағымдануға құлықсыз. Тек қана қылмыстық әрекеттер жәбірленушінің денсаулығына ауыр немесе аса ауыр зиян келтірген жағдайда, олар медициналық көмекке жүгінуге мәжбүр болып, осы сәтте ғана бұл деректер жария болады. Сонымен қатар, жәбірленушілердің өте аз бөлігі қажетті қорғану құқығын пайдаланады» [32, 178 б.].

Аталған пікір отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы профилактикалық жұмыстың тағы бір күрделі тұстарын айқындайды. Жасырын (латентті) зорлық-зомбылықты анықтау — бұл аса өзекті әрі қиын мәселелердің бірі. Себебі мұндай зорлық-зомбылықтың сыртқы белгілерін тану қиындық туғызады: жәбірленушілердің көпшілігі қорқыныш, ұялу немесе отбасын сақтау мақсатында құқық қорғау органдарына шағымданбайды. Ал қазіргі таңда қолданыстағы профилактикалық шаралар негізінен тек анықталған құқық бұзушылықтарға жауап ретінде жасақталып отыр. Бұл жағдай жасырын қылмыстардың алдын алудағы жүйенің әлсіз тұстарын көрсетеді және профилактикаға бағытталған жаңа әдістер мен құралдарды енгізу қажеттігін айғақтайды.

Мұндай жағдайда ведомстволық топтардың үйлесімді және тиімді жұмысына баса назар аударылады. Егер отбасында кәмелетке толмаған бала болса, онда оның сабақ үлгерімі мен мінез-құлқындағы ауытқулар, сондай-ақ медициналық тексеру кезінде немесе медициналық көмекке жүгінген кезде тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері байқалуы мүмкін. Мұндай жағдайлар білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен денсаулық сақтау саласындағы мамандардың қырағылығы арқасында анықталады. Осы орайда, білім бөлімі мен медицина қызметкерлерінің ведомстволық топтармен тығыз ынтымақтастығы — жасырын құқық бұзушылықтардың алдын алуда және оларды ерте кезеңде анықтауда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, зорлық-зомбылықтың алдын алу барысында қажетті қорғану (қажетті өз-өзін қорғау) институтын кеңінен қолдану өте маңызды болып табылады. Бұл институт – адамның өзінің өміріне, денсаулығына немесе жеке бостандығына төнген нақты қауіпке қарсы әрекет ету құқығын білдіреді. Өкінішке қарай, көптеген азаматтар, әсіресе әйелдер мен балалар, бұл құқық туралы хабарсыз және оны пайдалана алмайды. Сол себепті құқықтық білім мен құқықтық мәдениетті арттыру – зорлық-зомбылықтың алдын алудағы негізгі тетіктердің бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Құқықтық сауаттылықтың деңгейін арттыру зорлық-зомбылық құрбандарына өздерін қорғауға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың заңды жолмен әділдікке қол жеткізуіне де жағдай жасайды. Сонымен бірге, бұл алдын алу шараларын тек заңды деңгейде емес, әлеуметтік тұрғыда да күшейтуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдарын және қоғамды отбасындағы зорлық-зомбылық фактілері туралы дер кезінде хабардар ету зорлық-зомбылықтың өршуінің алдын алуда шешуші рөл атқарады. Себебі, жәбірленушілердің үнсіз қалуы мен оқиғаны жасыруы жағдайды одан әрі қиындатып, келесі кезеңдерде ауыр, тіпті

қайғылы салдарға алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайларда қылмыстық әрекеттер ашылмай, жәбірленушінің денсаулығына және психологиялық күйіне орны толмас зиян келтірілуі ықтимал.

Осыған байланысты, мемлекет деңгейінде құқық қорғау органдарының, әлеуметтік қызметтердің, білім беру мекемелерінің және медициналық ұйымдардың бірлескен әрекетін қамтамасыз ететін ведомствоаралық үйлестіру жүйесін жетілдіру қажет. Бұл механизмдер зорлық-зомбылықты ерте кезеңде анықтап, жәбірленушіге қажетті көмек көрсетіп, заңды қорғау шараларын іске асыруға бағытталуы тиіс.

Одан бөлек, профилактикалық жұмыстардың тиімді жүзеге асуына кедергі келтіретін маңызды факторлардың бірі – діни сенім мен мәдени-менталитеттік ерекшеліктер. Кейбір азаматтар, әсіресе діни сенімге берік немесе дәстүрлі отбасылық құндылықтарды ұстанатындар, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды отбасының ішкі ісіне заңсыз араласу ретінде қабылдайды. Мұндай көзқарастар профилактикалық іс-шаралардың іске асуын шектейді әрі мемлекеттік құрылымдардың араласуына қарсы қарсылық тудырады.

Сонымен қатар, құқық қорғау органдарына деген сенімнің төмендігі де маңызды кедергі болып отыр. Азаматтар көп жағдайда құқық қорғау органдарының тиісті шара қолданбайтынына немесе істің салғырт қаралуына алаңдайды. Бұл да өз кезегінде жәбірленушілердің құқық қорғау органдарына жүгінуіне тосқауыл болады.

Менталитеттік ерекшеліктер, әсіресе қазақ қоғамына тән «ұят болады», «шешімді үй ішінде табу керек», «сыртына шығармау керек» деген түсініктер отбасындағы зорлық-зомбылықтың жасырын сипат алуына ықпал етеді. Жәбірленушілер көп жағдайда жақындары мен таныстарының көз алдында масқара болудан қорқып, басынан өткен оқиғаларды жасырады. Бұл қорқыныш көбіне әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған тетіктерді іске қосуды мүмкін етпейді.

Одан бөлек, психологиялық фактор да жәбірленушінің құқық қорғау органдарына шағым түсіруінен бас тартуына елеулі түрде әсер етеді. Көп жағдайда жәбірленуші өзінің әрекетінен кейін туындайтын салдарлардан, әсіресе зорлық көрсетушінің тарапынан болатын кек алу, қайтадан зорлық-зомбылық әрекеттеріне ұшырау немесе одан да күрделі жағдайлардың орын алуынан қорқады. Бұл үрей мен қорқыныш адамның еркін шешім қабылдауына кедергі келтіреді және қауіпсіздігіне күмән тудырады.

Мысалы, кейбір отбасыларда зорлық-зомбылық жасаушы экономикалық немесе әлеуметтік жағынан отбасының негізгі асыраушысы болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда жәбірленуші адам зорлық-зомбылықты ашық ету арқылы отбасын асырау мүмкіндігін жоғалтудан, балаларының болашағына қауіп төнуінен қорқуы мүмкін. Сонымен қатар, шағым жасау отбасы ішіндегі басқа туыстармен қарым-қатынастың бұзылуына, әлеуметтік оқшаулануға, тіпті жақын адамдар тарапынан қысым мен кінә тағуға алып келуі мүмкін.

Жәбірленуші психологиялық тұрғыдан өзін кінәлі сезінуі де ықтимал. Бұл жағдай «күрбан синдромы» деп аталады. Мұндай адамдар зорлық көрсетушіні ақтап алуға бейім болады, өйткені олар өздерін әлсіз, шарасыз сезінеді және өзгеріске үміттенеді. Кей жағдайда олар зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай деп қабылдап, бұл туралы айтуға немесе көмек сұрауға ұялады.

Осының барлығы жәбірленушінің өз құқығын қорғауға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңды мүмкіндіктерді пайдаланудан бас тартуына алып келеді. Сондықтан психологиялық көмек пен қолдаудың болуы зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді күрестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жәбірленушілерге арнайы кеңес беру, сенім телефондары, психологиялық қолдау орталықтары арқылы моральдық және эмоционалдық қолдау көрсету – бұл профилактикалық шаралардың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Осы аталған факторлар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың нақты көлемін бағалауға Алдын алу, анықтауда және профилактикалық жұмыстың жүргізілуіне кедергі келтіретін факторлар., сондай-ақ тиімді профилактикалық және құқықтық шараларды жоспарлауға айтарлықтай кедергі келтіреді. Демек, отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес тек құқықтық емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени, психологиялық және ақпараттық тәсілдерді кешенді түрде біріктірген саясатты талап етеді.

Осы аталған факторлар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың нақты көлемін бағалауға, оның алдын алуға, ерте кезеңде анықтауға және тиісті профилактикалық жұмысты жүргізуге айтарлықтай кедергі келтіреді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейі туралы толық әрі объективті мәліметтердің болмауына алып келеді. Статистикалық көрсеткіштерде көрініс таппаған, яғни латентті сипатқа ие оқиғалар мемлекет тарапынан қабылданатын шаралардың тиімділігін төмендетіп, ресурстарды жоспарлауда дәлсіздіктерге жол ашады.

Осыған байланысты, отбасылық зорлық-зомбылықпен күресте тек құқықтық құралдар жеткіліксіз. Бұл күрес кешенді тәсілді талап етеді, яғни құқықтық тетіктермен қатар әлеуметтік, мәдени, психологиялық және ақпараттық шараларды үйлестіре отырып жүзеге асырылуы тиіс. Атап айтқанда, отбасындағы зорлық-зомбылықты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырып, оның туындау себептерін терең зерделеу қажет. Бұл үшін отбасылық тәрбиенің

сапасын арттыру, гендерлік теңдікті насихаттау, құқықтық мәдениетті көтеру, азаматтардың психологиялық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты жан-жақты ақпараттандыру маңызды.

Сонымен қатар, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара әрекеттестігі де айрықша мәнге ие. Құқық қорғау органдары, әлеуметтік қызметтер, денсаулық сақтау мекемелері мен білім беру ұйымдары арасында тиімді координация мен ақпарат алмасу жүйесін құру – отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған жедел ден қоюдың маңызды кепілі болып табылады.

Осылайша, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жалпыұлттық деңгейдегі өзекті мәселе ретінде қаралуы тиіс және бұл бағыттағы саясат құқықтық, әлеуметтік және гуманитарлық бағыттарды тоғыстыра отырып, ұзақмерзімді және жүйелі сипатқа ие болуы қажет.

А.Сыздықов пен Б. Сағымбековтың пікірінше «осы құқыққа қайшы мінез-құлық ең алдымен отбасы аясында жүзеге асатын құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ғылыми тұрғыдан зерттелуі оның тек құқықтық емес, сонымен қатар социомәдени және психологиялық алғышарттарын талдауды қажет етеді» [33].

Бұл мәселе қазіргі әлеуметтік, гендерлік психологияда, сондай-ақ қоғамның құндылықтар жүйесінде кеңінен көрініс табады. Сондықтан тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы тек құқық бұзушылық фактісі ретінде емес, отбасылық қатынастардың дағдарыс күйін, билік пен бақылау механизмдерінің бұрмалануын сипаттайтын күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде бағалануы қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес мәселесінде қолданылатын шаралардың ара-жігін ажырату да өзекті мәселе болып табылады. Яғни, жазалаушы құқықтық шаралар мен жеке профилактикаға бағытталған гуманистік тәсілдердің арақатынасы көп жағдайда нақты нәтиже алуға әсер етеді. Ең тиімді алдын алу шаралары ретінде тек қана жазалауға бағытталған әдістерді емес, керісінше, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен психокоррекциялық қолдау өте маңызды.

Аталған ғалымдардың пікірінше, зорлық-зомбылықтың алдын алуда ең маңыздысы – зорлық әрекеттерінің көзін жою, отбасы мүшелерінің бір-бірімен өзара құрмет пен сенім негізінде қарым-қатынас орнатуына ықпал ету, дағдарысты жағдайлар кезінде психологиялық қолдау көрсетудің жүйесін қалыптастыру. Яғни, ұзақ мерзімді перспективада тек жазалау арқылы емес,

адамның мінез-құлқына, сана-сезіміне әсер ететін кешенді алдын алу шаралары ғана нақты әрі тұрақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты отбасындағы зорлық-зомбылықпен күрес жүйесі тек құқықтық тетіктерге сүйеніп қоймай, ақпараттық, тәрбиелік және психологиялық көмек көрсету құралдарын үйлестіруі тиіс. Бұл бағыттағы саясат алдын алу мен ерте араласуға негізделуі, зорлықтың салдарымен емес, оның пайда болу себептерімен жұмыс істеуі қажет.

Одан бөлек, тұрмыстық (отбасылық) зорлық-зомбылықтың алдын алу тек жүйелі негізде жүзеге асырылған жағдайда ғана тиімді нәтиже бере алады. Бұл өз кезегінде құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық және психологиялық сипаттағы кешенді шараларды іске асыруды талап етеді. Мұндай шаралар тек құқық бұзушыны жауапкершілікке тартуға ғана емес, сонымен қатар жәбірленушіні қорғауға және оған қолдау көрсетуге бағытталуы тиіс.

А.Н. Варыгин атап өткендей, «бұл бағыттағы ескерту (превентивтік) қызмет үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады: біріншіден, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған тұлғаларға ықпал ету; екіншіден, осындай әрекеттерден зардап шеккен жәбірленушілерді қорғау; үшіншіден, аталмыш әлеуметтік құбылыстың себептері мен жағдайларын жою. Бұл өз кезегінде жалпы, арнайы-криминологиялық және жеке профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді» [34].

Жалпы профилактика – зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған кең ауқымды мемлекеттік және қоғамдық шараларды қамтиды. Арнайы-криминологиялық профилактика – қауіп төндіретін тұлғалар мен жағдайларды анықтап, оларды бақылауға алу арқылы жүзеге асырылады. Ал жеке профилактика – нақты бір құқық бұзушыға бағытталған түзету жұмыстары мен психологиялық ықпал ету шараларын қамтиды. Аталған профилактикаларға тоқталып өтсек.

Жалпы профилактика – бұл қоғамдағы зорлық-зомбылықтың туындауына алып келетін әлеуметтік, экономикалық, мәдени және тәрбиелік себептерді жоюға бағытталған кешенді мемлекеттік және қоғамдық сипаттағы алдын алу шаралары. Оның басты мақсаты – зорлық-зомбылықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру және оны болдырмауға жағдай жасау. Бұл профилактика түріне ақпараттық-насихат жұмыстары, білім беру саласында гендерлік теңдікке тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын дәріптеу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы зорлық-зомбылыққа қарсы қоғамдық сана қалыптастыру, мектеп пен жоғарғы оқу орындарында мінез-құлық мәдениетіне баулу секілді ауқымды іс-шараларды қамтиды. Сонымен қатар, жалпы профилактика отбасы институтын нығайту, тұрмыстық қиындықтармен күрес, жұмыссыздықты азайту және

кедейлікпен күресу сынды әлеуметтік қолдау шараларымен де тығыз байланысты болып табылады.

Арнайы-криминологиялық профилактика – бұл алдын ала қауіп төндіруі мүмкін тұлғалар мен отбасылық орталарға қатысты бағытталған, әлеуетті құқық бұзушылар мен қауіпті жағдайларды ерте кезеңде анықтауға негізделген шаралар жиынтығы. Мұндай профилактикада әлеуметтік қызметкерлер, ішкі істер органдары, психологтар және жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдары белсенді рөл атқарады. Арнайы-криминологиялық профилактика, әдетте, бұрын зорлық-зомбылық жасаған немесе жанұялық кикілжіңге жиі түсетін тұлғаларға қатысты жүргізіледі. Бұл бағытта бақылау орнату, профилактикалық әңгімелесулер, ер адамдарға арналған агрессияны басқару курстары, психокоррекциялық тренингтер ұйымдастыру арқылы зорлық-зомбылыққа бейім мінез-құлықтың алдын алынады.

Жеке профилактика – бұл нақты бір құқық бұзушыға немесе зорлық-зомбылық жасау қаупі жоғары тұлғаға бағытталған түзету және ықпал ету шараларын қамтиды. Жеке профилактиканың негізгі мақсаты – тұлғаның мінез-құлқындағы девианттық және агрессивтік белгілерді жою, қайта қылмыс жасаудың алдын алу. Мұндай жұмыс құқық қорғау органдарының, пробацациялық қызметтің және психологиялық қолдау орталықтарының қатысуымен жүзеге асырылады. Жеке профилактика шеңберінде құқық бұзушыға қатысты жеке әңгіме жүргізу, психотерапиялық қолдау көрсету, оның өмір сүру жағдайын зерттеу, отбасы мүшелерімен жұмыс жүргізу секілді мақсатты тәсілдер қолданылады. Сонымен қатар, отбасылық дағдарыс орталықтарымен бірлесе отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаушыны мінез-құлқын өзгертуге бағытталған арнайы бағдарламаларға тарту – жеке профилактиканың маңызды бөлігі болып табылады.

Сондықтан да тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте қоғамның барлық саласының үйлесімді өзара іс-қимылы аса маңызды. Бұл бағытта құқық қорғау органдарының, әлеуметтік қызметтердің, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді қатысуы қажет. Мұндай әріптестік модель зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімділігін арттырып қана қоймай, жәбірленушілерге қажетті көмек пен қолдауды уақтылы көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықтың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыру да маңызды аспект болып табылады. Азаматтар өз құқықтарын біліп, зорлық-зомбылық жағдайында қандай әрекет ету қажет екенін түсінуі тиіс. Бұл

тұрғыда ақпараттық науқандар, тренингтер мен қоғамдық қабылдаулар арқылы халықты хабардар ету деңгейін арттыру керек.

Көп жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың астарында шешілмеген әлеуметтік мәселелер, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас дағдыларының жетіспеушілігі, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің гендерлік рөлдерін қате түсіну секілді факторлар жатады. Сондықтан да бұл мәселені шешу үшін тек құқықтық емес, әлеуметтік-психологиялық құралдарды да жүйелі түрде қолдану қажет.

Осылайша, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес саласындағы профилактикалық шаралар – бұл тек құқық бұзушылықтың салдарымен күресу ғана емес, сонымен қатар оның себептерін жоюға бағытталған жан-жақты және кешенді көзқарас. Тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының ұзақмерзімді және бірлескен іс-қимылы қажет. Тек осындай жағдайда ғана отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мүмкін болып, қоғамда қауіпсіз және қолайлы әлеуметтік орта қалыптасады.

О.Ускованың пікірінше «қалыптасқан жағдай – бұл халықтың қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық және психологиялық ахуалға бейімделуінің бір түрі болып табылады. Сондықтан отбасылық саясат азаматтарға отбасы мен кәсіби рөлдерді тиімді үйлестіре алуға мүмкіндік беретін механизмдерді әзірлеуі керек, сондай-ақ мұндай үйлесімді жеңілдетіп, оны азаматтар үшін қолайлы етуі қажет.

Отбасын қорғау және кез келген әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру әрдайым құқықтық құралдар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Себебі кез келген экономикалық және әлеуметтік шаралар, бір жағынан – өмірде шынайы іске асырылуға жеткілікті тиімді болуы, ал екінші жағынан – отбасы мүшелерінің өздеріне ұсынылған мүмкіндіктерді пайдалана алуына жағдай жасау үшін құқықтық формаға ие болуы керек.

Отбасылық саясатты жүзеге асырудың негізгі жолы – заң шығару қызметі болып табылады. Қазіргі қалыптасқан үрдіс – отбасын қолдауға бағытталған түрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың маңызды алғышарты болып табылады» [35, 283 б.].

О. Ускованың бұл пікірімен толық келісуге болады. Себебі отбасылық саясат тек әлеуметтік қолдау шараларымен шектелмей, оны құқықтық негізде бекіту — отбасын қорғаудың нақты әрі тиімді тетігі болып табылады. Заңнамалық деңгейде қабылданған шешімдер ғана олардың тұрақты және нәтижелі жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алады.

Превентивтік шаралар – бұл құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тәжірибелік іс-шаралар кешені. Мұндай шаралардың басты мақсаты – қоғамда қауіп тудыратын мінез-құлық үлгілерін ерте кезеңде анықтап, олардың дамуына жол бермеу арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету. Осыған орай, профилактикалық жұмыстың негізгі бағыттарын айқындап, оның құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру ерекше мәнге ие.

Аталған шаралар құқық бұзушылықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға, сондай-ақ әлеуметтік қатерлі мінез-құлық формаларының алдын алуға бағытталуы тиіс. Бұл ретте, алдын алу іс-қимылдарына құқық қорғау органдарының ғана емес, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларының да белсенді қатысуы қажет. Себебі, құқық бұзушылықтың алдын алу – бұл тек қана құқықтық мәселе емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени сипаттағы кешенді проблема.

Сонымен бірге, превентивтік шаралардың тиімділігі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру арқылы да күшейтілуі мүмкін. Қоғам мүшелерінің заңға бағыну деңгейі олардың құқықтық сауаттылығына және құқық бұзушылықтардың салдарын түсіне білуіне тікелей байланысты.

Сондай-ақ, қазіргі кезеңде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы әлеуметтік қауіпті тұлғаларды дер кезінде анықтап, олармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізудің маңызы артып отыр. Бұл шаралар тәуекел топтарындағы тұлғалармен тікелей жұмыс істеу арқылы оларды әлеуметке бейімдеу, қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу сияқты маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Демек, превентивтік шаралар құқықтық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және ақпараттық элементтерді өзара байланыстыра отырып, кешенді түрде жүзеге асырылған жағдайда ғана жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады.

3. А. Аджиеваның пікірінше «профилактика — қандай да бір теріс процестердің ерте кезеңдерде дамуын болдырмаудың маңызды құралы болып табылады. Ол әлеуметтік мәселенің өткірлігін аз шығындармен жоюға және процесті қолайлы бағытқа бұруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік профилактика — әлеуметтік объектіге ғылыми негізделген және уақытында жүзеге асырылатын әсер ету шараларының жиынтығы, оның функционалдық жағдайын сақтап қалу және оның өмірлік қызметінде мүмкін болатын теріс процестерді болдырмау мақсатында» [36, 149 б.].

Аталған пікір әлеуметтік профилактиканың маңыздылығын нақты әрі түсінікті көрсетеді. Негативті құбылыстарды ерте кезеңде тоқтату арқылы

қоғамдағы әлеуметтік проблемалардың ушығуына жол берілмейді. Бұл тәсіл экономикалық және әлеуметтік шығындарды азайтып, әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан әлеуметтік профилактика – тиімді және қажетті әлеуметтік саясаттың негізі болып табылады.

Әлеуметтік шаралар – тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрестегі маңызды әрі пәрменді тетіктердің бірі болып табылады. Бұл ұғым өзінің мәні жағынан отбасылық институттың негізін нығайтуды, оның әлеуметтік мәртебесін арттыруды, аналық пен балалықты қорғауды, сондай-ақ отбасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталған институционалдық және құқықтық механизмдерді дамытуды қамтиды. Сонымен қатар, әлеуметтік шаралар азаматтық қоғамның әлеуетін кеңінен пайдалану, қоғамдық өзін-өзі басқару институттарын қолдау және халықты әлеуметтік жауапкершілікке тарту арқылы да іске асырылады. Бұл бағыттағы жүйелі мемлекеттік саясат халықтың әлауқатын көтеруге ғана емес, сонымен қатар қауіпсіз әрі тұрақты әлеуметтік орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Превентивтік және әлеуметтік шаралар бір-бірін толықтыратын элементтер ретінде қарастырылады. Олардың түпкі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, оның деңгейін төмендету және қауіпсіз отбасылық орта құру. Дегенмен, бұл шаралардың тиімділігі көбінесе олардың іске асырылу тетіктерінің нақтылығына, қауіп-қатерлерді ерте кезеңде анықтай алуына және уәкілетті органдардың жедел әрі үйлесімді әрекет етуіне тікелей байланысты. Превентивтік саясат, ең алдымен, зорлық-зомбылықты тудыратын факторларды: әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, мәдени және құқықтық себептерді терең зерттеу мен талдау негізінде құрылуы қажет.

Сонымен қатар, бұл үдерісте қоғамның рөлі ерекше маңызға ие. Қоғамда азаматтық ұстаным, жанашырлық пен өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастыру зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудың маңызды алғышарты болып табылады. Азаматтардың жәбірленушіге қолдау білдіруге, құқық қорғау органдарына хабар беруге дайын болуы – қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттырады. Өзгенің қайғысына немқұрайлы қарау – агрессордың зорлық әрекеттерін қалыпты, тіпті қабылданатын жағдай ретінде көруіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін отбасынан бастап бүкіл қоғам деңгейінде қалыптастыру – бұл бағыттағы күрестің ең басты басымдығы болуы керек.

Түптеп келгенде, әлеуметтік және превентивтік шаралардың өзара байланысы мен үйлесімділігі, сондай-ақ азаматтық қоғам мен мемлекеттің күш біріктіруі ғана отбасындағы зорлық-зомбылықтың нақты және ұзақ мерзімді

алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл — құқықтық, әлеуметтік және адами тұрғыдан маңызы өте жоғары міндет.

Қорытындылай келе, аталған шараларды орындау барысында туындайтын мәселелердің бірі – жасырын (латентті) түрде орын алатын зорлық-зомбылық деректерінің аталған құқық бұзушылықпен күресте кері әсер етуі болып табылады. Осыған байланысты ведомстволық топтардың аталған құқық бұзушылықтарды анықтауда ерекше маңызды рөл атқарады. Профилактиканың тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өзара үйлесімді әрекеті аса қажет. Бұл үйлесім әлеуметтік және психологиялық қолдаудың сапалы жүзеге асуымен қамтамасыз етіледі. Аталған бағыттағы кешенді іс-шаралар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда және оның салдарын төмендетуде маңызды қызмет атқарады. Кешенді шаралар бір-бірін толықтырып, аталған құқық бұзушылықпен күресте жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірден-бір құрал болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Осы ғылыми жұмыста отбасылық-тұрмыстық сипаттағы құқық бұзушылықтармен күресудің құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері жан-жақты қарастырылып, олардың туындау себептері мен факторлары кешенді түрде зерттелді. Сонымен қатар, отандық заңнама шеңберінде аталған құқық бұзушылықтарды реттеудің қолданыстағы тәртібі мен оның тиімділігі нақты мысалдар арқылы сипатталып, жүйелі түрде талданды.

Зерттеу жұмысы барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әртүрлі көріністері жүйеленіп, олардың теориялық негіздері мен практикалық жіктелуі жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, отбасылық зорлық-зомбылықтың негізгі төрт түрі: 1) Физикалық зорлық; 2) Психологиялық қысым; 3) Сексуалдық сипаттағы күш көрсету; 4) Экономикалық шектеулер мен тәуелділік. Осы аталған түрлерді талдау негізінде автор тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымына өзіндік ғылыми анықтама ұсынды.

Бұған қоса, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туындауына ықпал ететін он негізгі себеп-салдарлық факторлар анықталды. Оларға мыналар жатады:

1. Психологиялық тұрақсыздық;
2. Әлеуметтік-экономикалық қиындықтар;
3. Мәдени, діни және дәстүрлі ұстанымдар;
4. Құмар ойындарға тәуелділік;
5. Білім деңгейінің жеткіліксіздігі;
6. Құқықтық жүйенің әлсіздігі;
7. БАҚ пен интернеттің ықпалы;
8. Қаржылық тәуелділік;
9. Алкогольдік және есірткілік тәуелділік;
10. Құмар ойындарға екінші рет тәуелділік ретінде қайталануы.

Бұл факторларды анықтау тек салдарын жоюмен ғана шектелмей, олардың түпкі себептерімен жоюға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында орын алатын құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары бойынша Германия, Франция және АҚШ елдерінің тәжірибелері талданды. Бұл елдерде жәбірленуші мен құқық бұзушының татуласуы кезінде қылмыстық жауапкершіліктен босату нақты шарттармен жүзеге асады. Соның бірі — отбасылық психологқа бару міндеттемесі.

Мұндай міндеттеме — тек қайталанатын құқық бұзушылықтың алдын алу құралы ғана емес, сонымен бірге мінез-құлық бұзылыстарының себептерін тереңірек зерттеуге жол ашатын профилактикалық механизм ретінде

қарастырылады. Осы негізде, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, еліміздегі құқық бұзушылықпен күрес практикасына осындай қорғау шараларын енгізу ұсынылады.

Одан бөлек, профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыруға уәкілетті органдардың құзыреттері мен міндеттеріне талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде осы органдардың тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес саласындағы қызметін жетілдіру мақсатында олардың функционалдық міндеттеріне қосымша ұсыныстар әзірленді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері цифрлық дәуір жағдайында құқық бұзушылықпен күреске заманауи технологияларды тиімді енгізудің маңыздылығын айқындады. Аталған бағытта цифрлық платформаларды тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылда пайдалану – уақыт талабы болып табылады және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Осы орайда, «Қауіпсіз Отбасы» атты бірыңғай электрондық жүйені құру – отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтарға қарсы кешенді қарсы әрекетті жаңа сапалы деңгейге көтеретін бастама болмақ. Мұндай ақпараттық жүйе тек құқық бұзушылық салдарларын жоюмен шектелмей, қауіп-қатерді ерте анықтау, оны болдырмау және балалар мен әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тиімді құрал ретінде ұсынылады. Бұл бастама Қазақстан Республикасының «Цифрлық мемлекет» тұжырымдамасының басымдықтарына толық сәйкес келіп, ақпараттық технологияларды әлеуметтік қауіпсіздік саласына енгізудің нақты мысалдарының бірі бола алады.

Жалпы, жүргізілген диссертациялық зерттеу барысында алға қойылған мақсат пен міндеттер толық көлемде жүзеге асты. Құқық бұзушылықпен күреске бағытталған кешенді іс-шаралар қарастырылып, отандық заңнамадағы реттеудің қазіргі жай-күйі мен оны жетілдіру жолдары ұсынылды. Жүргізілген талдаулар мен тұжырымдар аталған мәселені тиімді шешуге бағытталған практикалық ұсыныстармен толықты.

Зерттеу нәтижелері теориялық маңыздылығымен қатар, практикалық қолдану тұрғысынан да құндылыққа ие. Олар отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға және құқықтық реттеуді жетілдіруге нақты үлес қоса алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

- 1 «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» 2022 жыл 16 наурыз / [Электрондық ресурс] // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz): [сайт]. — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (дата обращения: 19.05.2025).
- 2 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. / [Электрондық ресурс] // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz) : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (дата обращения: 19.05.2025).
- 3 Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы / [Электрондық ресурс] // [dilet.zan.kz](http://dilet.zan.kz) : [сайт]. — URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271_) (дата обращения: 19.05.2025).
- 4 И. Д. Бадамшин, I. D. Badamshin, Ф. Ф. Набиев, F. F. Nabiev Семейно-бытовое насилие: понятие, виды, причины / И. Д. Бадамшин, I. D. Badamshin, Ф. Ф. Набиев, F. F. Nabiev // Общество, право, государственность: ретроспектива и перспектива. — 2020. — № . — С. 68-73.
- 5 Кудаярова Б.А. Содержание понятия «насилие в семье» / Кудаярова Б.А. // Тенденции развития науки и образования. — 2022. — № 88-4. — С. 43-47.
- 6 В. М. Пучнин Значение дефиниций, составляющих понятие «насилие в семье», как асоциального явления, посягающего на свободу личности / Пучнин В.М. // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. — 2010. — № 12 (92). — С. 310-317.
- 7 М.Н. Ахмедов, А.Е. Муравьева Совершенствование законодательства рф в сфере борьбы с преступлениями, вытекающими из брачно-семейных отношений / М.Н. Ахмедов, А.Е. Муравьева // Russian studies in law and politics. — 2024. — № 2. — С. 4-15.
- 8 Волосова Н.Ю Понятие семейного (домашнего) насилия: дискуссионные вопросы терминологического соответствия / Волосова Н.Ю // Вопросы российского и международного права. — 2020. — № 11-1. — С. 87-96.
- 9 Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. / [Электрондық ресурс] // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz): [сайт]. — URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_) (дата обращения: 19.05.2025).
- 10 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. / [Электрондық ресурс] //

dilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (дата обращения: 19.05.2025).

11 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226> (дата обращения: 19.05.2025).

12 Назгуль Жарбулова «80% жертв — женщины». Как и кого защитит новый закон о бытовом насилии / Назгуль Жарбулова [Электрондық ресурс] // kz.kursiv.media : [сайт]. — URL: [https://kz.kursiv.media/2024-06-14/zhrb-kz-sbn-zakon-mvd/?utm\\_source=chatgpt.com](https://kz.kursiv.media/2024-06-14/zhrb-kz-sbn-zakon-mvd/?utm_source=chatgpt.com) (дата обращения: 19.05.2025).

13 Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред. от 21.04.2025) (с изм. и доп., вступ. в силу с 02.05.2025) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_10699/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/)

14 «Кодекс Российской Федерации об административных правонарушениях» от 30.12.2001 N 195-ФЗ (ред. от 07.04.2025) [Электронный ресурс]. — URL: [https://translate.yandex.com/kk/?source\\_lang=ru&target\\_lang=kk&text=%22Кодекс%20Российской%20Федерации%20об%20административных%20правонарушениях%22%20от%2030.12.2001%20N%20195-ФЗ%20\(ред.%20от%2007.04.2025\)](https://translate.yandex.com/kk/?source_lang=ru&target_lang=kk&text=%22Кодекс%20Российской%20Федерации%20об%20административных%20правонарушениях%22%20от%2030.12.2001%20N%20195-ФЗ%20(ред.%20от%2007.04.2025))

15 Федеральный закон «О внесении изменения в статью 116 Уголовного кодекса Российской Федерации» от 07.02.2017 N 8-ФЗ (последняя редакция) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_212385/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_212385/)

16 Круглый стол «Профилактика и предупреждение социального неблагополучия женщин и насилия в отношении женщин: причины и пути преодоления» [Электронный ресурс] // Официальный сайт Уполномоченного по правам человека в Российской Федерации. 2019. — URL: <https://clck.ru/S5Ndo> (дата обращения: 23.11.2020).

17 О реализации III Указа Президента РК в области прав человека и верховенства закона [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.akorda.kz/ru/o-realizacii-iii-ukaza-prezidenta-rk-v-oblasti-prav-cheloveka-i-verhovenstva-zakona-10113445>

18 Istanbul Convention Monitoring Report on Georgia, Council of Europe, 2022 [Электронный ресурс]. — URL: <https://rm.coe.int/monitoring-report-georgia-2022/1680a6f271>

- 19 Закон Грузии «О пресечении насилия в семье» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/26422?publication=24>
- 20 Law of Georgia on Elimination of Domestic Violence, 2006 [Электронный ресурс]. — URL: <https://matsne.gov.ge/en/document/view/26422?publication=28>
- 21 Annual Report on Domestic Violence, Ministry of Internal Affairs of Georgia, 2023 [Электронный ресурс]. — URL: <https://police.ge/files/pdf/annualreport2023.pdf>
- 22 Prosecutor’s Office of Georgia, Statistics on Domestic Violence 2022 [Электронный ресурс]. — URL: <https://pog.gov.ge/en/statistics>
- 23 Закон Германии «О защите от насилия» (Gewaltschutzgesetz, GewSchG), 11.12.2001 [Электронный ресурс]. — URL: <https://www.gesetze-im-internet.de/>
- 24 European Union Agency for Fundamental Rights (FRA). Violence against women: an EU-wide survey. Main results report / FRA. — Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2014. — 72 p. — URL: <https://fra.europa.eu/en/publication/2014/violence-against-women-eu-wide-survey-main-results-report>
- 25 Пекинская декларация и Платформа действий [Электронный ресурс]. — URL: [file:///C:/Users/user/Downloads/BPA\\_R\\_FINAL\\_WEB.pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/BPA_R_FINAL_WEB.pdf)
- 26 Декларация об искоренении насилия в отношении женщин [Электронный ресурс]. — URL: <file:///C:/Users/user/Downloads/a45826e8278c5207ca603b6d5ac2d833.pdf>
- 27 Модельное законодательство о насилии в семье. Рекомендации ООН [Электронный ресурс]. — URL: [file:///C:/Users/user/Downloads/mod\\_un.pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/mod_un.pdf)
- 28 Конвенция Совета Европы о предотвращении и борьбе с насилием в отношении женщин и домашним насилием [Электронный ресурс]. — URL: <file:///C:/Users/user/Downloads/168046253f>
- 29 UN Women. 16 дней активизма: нет оправдания! Сообща покончим с насилием в отношении женщин [Электронный ресурс]. — URL: <https://eca.unwomen.org/ru/stories/novosti/2024/11/16-dney-aktivizma-netopravdaniya-soobscha-pokonchim-s-nasiliem-v-otnoshenii-zhenschin>
- 30 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы [Электрондық ресурс]. — URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_)
- 31 А.В. Равнюшкин О необходимости разработки национальной концепции профилактики семейно-бытового насилия в России / А. В.

Равнюшкин // Научный вестник Омской академии МВД России. — 2021. — № 3 (82). — С. 226-232.

32 Кузнецов, А. А., Шевелева, Д. С. Насилие и проблема реализации необходимой обороны в сфере семейно-бытовых отношений / А. А. Кузнецов, Д. С. Шевелева // Тенденции развития науки и образования. — 2023. — № 98-3. — С. 178-182.

33 Сыздыков, А. Ж., Сагымбеков, Б. Ж. Сравнительно-правовой анализ административно-правовых мер профилактики бытового насилия (опыт Казахстана и России) / А. Ж. Сыздыков, Б. Ж. Сагымбеков // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. — 2020. — № 3 (61). — С. 167-173.

34 Варыгин, А. Н. Особенности семейно-бытовых преступлений и их предупреждения / А. Н. Варыгин // Вестник Казанского юридического института МВД России. — 2014. — № 3 (17). — С. С. 30-34.

35 Ускова, О.Е. К вопросу о семейно-бытовом насилии и его предупреждении / О. Е. Ускова // Актуальные проблемы российского права и законодательства Сборник материалов XII Всероссийской научно-практической конференции; Автономная некоммерческая организация высшего образования «Сибирский институт бизнеса, управления и психологии». 2019. —: Сибирский институт бизнеса, управления и психологии (Красноярск), 2019. — С. 279-284.

36 Аджиева, З. А. Социальная профилактика правонарушений: сущность и содержание / З. А. Аджиева // Мир науки, культуры, образования. — 2016. — № 2 (57). — С. 147-150.

